

Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігі
«Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы

Министерство образования и науки Республики Казахстан
Республиканский научно-практический центр «Дарын»



**Мамандандырылған білім беру ұйымдарының
оқу-тәрбие үрдісін реттейтін
нормативтік-құқықтық құжаттар**

**Нормативно-правовые документы, регулирующие
учебно-воспитательный процесс в специализированных организациях
образования**

Астана - 2018

ББК 63.3 (2 каз) я 72
Т 36

Басылымға «Дарын» РҒПО оқу-әдістемелік кеңесімен ұсынылған
Рекомендовано к изданию учебно-методическим советом РНПЦ «Дарын»

Т 36 Мамандандырылған білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие үрдісін реттейтін нормативтік-құқықтық құжаттар - Астана: «Дарын», 2018 ж.

Т 36 Нормативно-правовые документы, регулирующие учебно-воспитательный процесс в специализированных организациях образования - Астана: «Дарын», 2018 г.

ISBN 9965-522-15-4

Осы жинаққа мамандандырылған білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие үрдісін реттейтін нормативтік-құқықтық құжаттар жинақталған.

Жинақ дарынды балаларға арналған мамандандырылған білім беру ұйымдарының басшылары мен педагогтарына арналған.

Данный сборник включает нормативно-правовые документы, регулирующие учебно-воспитательный процесс в специализированных организациях образования.

Сборник адресован руководителям и педагогическим работникам специализированных организаций образования для одаренных детей.

ББК 63.3 (2 каз) я 72

Т 0503020905
00(05)-02

© «Дарын», 2018
Компьютерный набор и верстка:
Служба информационных технологий
РНПЦ «Дарын», 2018.

ISBN 9965-522-15-4

**Дарынды балаларға арналған
мектептерді мемлекеттік
қолдау және дамыту туралы
Қазақстан Республикасы
Президентінің Өкімі
1996 жылғы 24 мамыр N 3002**

Дарынды балаларды оқыту мен тәрбиелеуді одан әрі жетілдіру, олардың интеллектуалдық қабілеті мен талантын дамыту үшін қажетті жағдайлар туғызу, жастарды қоғамдық даму міндеттерін шешуге қатысуға жан-жақты даярлау мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

- 1996 жылғы 1 шілдеге дейін дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектептер туралы Ереже әзірлеп, бекітетін болсын, онда дарынды балаларды анықтау мен іріктеу, аталған оқу орындарын білікті педагог кадрларымен жасақтау, жекелеген пәндерді тереңдете оқытатын жұмыс істеп тұрған мектептер мен кластардағы мұғалімдердің сапалық құрамын жақсарту тетіктері көзделсін;

- 1996 жылғы 1 қыркүйекке дейін дарынды балалар мен жастарды іздестірудің, тәрбиелеу мен оқытудың негізгі стратегиясын айқындайтын Қазақстан Республикасының "Дарын" жас таланттарды мемлекеттік қолдау бағдарламасын әзірлеп, Қазақстан Республикасы Президентінің бекітуіне енгізісін.

2. Облыстардың және Алматы қаласының әкімдері:

- 1996 жылғы 1 тамызға дейін ғылым негіздерін зерделеуде, музыкада, кескіндемеде, басқа да өнер түрлерінде, спортта, балалар көркемөнер шығармашылығында ерекше дарындылығы мен қабілетін танытқан оқушыларды оқыту мен тәрбиелеудің жай-күйін қарайтын болсын, осындай балаларға арналған мектептер мен мектептен тыс мекемелердің жүйесін сақтау мен кеңейтуге бағытталған шаралар жүйесін әзірлеп, бекітсін;

- жаңа оқу жылы басталғанға дейін бұл мақсатқа қосымша қаржыландыру көздерін, бюджеттен тыс қаражатты, демеушілік жарналарды тарта отырып, дарынды балаларға арналған мекемелерді - мектептерді, лицейлерді, гимназияларды, мектептен тыс мекемелер - оқушылар сарайлары мен үйлерін, облыстық және қалалық жас техниктер, натуралистер, туристер станцияларын жөндеуді ұйымдастыру, оларды осы заманғы жабдықтармен, компьютерлік техникамен жабдықтауды қамтамасыз ету жөнінде шаралар қолдансын.

3. Осы өкімнің орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Басшысына жүктелсін.

**Қазақстан Республикасының
Президенті**

**ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ**



**МИНИСТЕРСТВО
ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН**

БҰЙРЫҚ

*2016 жылғы 29 желтоқсандағы
№ 726*

ПРИКАЗ

№ 726 от 29 декабря 2016 года

**Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің м.а.
"Білім беру ұйымдары түрлерінің
номенклатурасын бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2013 жылғы 22 ақпандағы № 50 бұйрығына
өзгерістер енгізу туралы**

(2016 жылғы 29 желтоқсандағы № 726 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 26 қаңтарда № 14730 болып тіркелді)

"Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 40-бабының 4-тармағына сәйкестендіру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Білім беру ұйымдары түрлерінің номенклатурасын бекіту туралы" Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 22 ақпандағы № 50 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8390 болып тіркелген, "Егемен Қазақстан" республикалық газетінің № 184 (28123) 2013 жылғы 7 тамызда жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 40-бабының 4- тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:"**;

кіріспе сөз мынадай редакцияда жазылсын:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген білім беру ұйымдары түрлерінің номенклатурасы осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрілігінің Мектепке дейінгі және орта білім департаменті (Ж.А. Жонтаева) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың көшірмесін мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде ресми жариялау үшін мерзімді баспасөз басылымдарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне орналастыру үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің

"Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң қызметі және халықаралық ынтымақтастық департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі Э.А. Суханбердиеваға жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
міндетін атқарушы**

Б. Асылова

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
міндетін атқарушының
2016 жылғы 29 желтоқсандағы
№ 726 бұйрығына қосымша

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2013 жылғы 22 ақпандағы
№ 50 бұйрығымен бекітілген

Білім беру ұйымдары түрлерінің номенклатурасы

Білім беру ұйымдарының түрлері:

1. Мектепке дейінгі ұйымдар:

- 1) бөбекжай;
- 2) балабақша;
- 3) отбасылық бөбекжай;
- 4) санаторлық бөбекжай;
- 5) "мектеп-бөбекжай" кешені;
- 6) мектепке дейінгі шағын орталық.

2. Орта білім беру ұйымдары (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта):

1) білім беру деңгейі бойынша:

- бастауыш мектеп;
- негізгі орта мектеп;
- жалпы орта білім беретін мектеп;

2) оқыту бейіні бойынша:

- гимназия;
- лицей;
- бейіндік мектеп;

3) оқуды ұйымдастыру жағдайы бойынша:

- шағын жинақты мектеп;
- тірек мектеп (ресурстық орталық);
- түзеу мекемелері жанындағы жалпы орта білім беретін мектеп;
- кешкі мектеп;
- девиантты мінез-құлықты балаларға арналған білім беру ұйымы;
- ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымы;
- аурухана жанындағы мектеп;

4) халықаралық:

- халықаралық мектеп;

5) интернаттық ұйымдар:

- мектеп-интернат;
- әскери мектеп-интернат;
- жалпы білім беретін мектеп жанындағы интернат;

тірек мектеп (ресурстық орталық) жанындағы интернат;
көп балалы және аз қамтамасыз етілген отбасылардың балаларына арналған мектеп-интернат;

санаториялық мектеп-интернат.

б) біріктірілген:

мектеп-гимназия;

мектеп-лицей;

қосымша білім беру мектеп-орталығы;

мектеп-интернат-колледж;

оқу-сауықтыру орталығы (кешен);

оқу-өндірістік комбинат (мектепаралық, курстық);

оқу-тәрбие орталығы (кешен);

оқу орталығы.

3. Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары:

1) колледж;

2) училище;

3) кәсіптік даярлау оқу орталығы;

4) ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға арналған колледж;

5) түзету мекемелері жанындағы кәсіптік даярлау оқу орталығы;

6) түзету мекемелері жанындағы колледж;

7) әскери – техникалық колледж;

8) жоғары колледж.

4. Орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары:

1) колледж;

2) жоғары колледж;

3) училище.

5. Жоғары білім беру ұйымдары:

1) институт;

2) консерватория;

3) жоғары мектеп;

4) жоғары училище;

5) академия.

6. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары:

1) Ұлттық зерттеу университеті;

2) Ұлттық жоғары оқу орны;

3) зерттеу университеті;

4) университет;

5) академия.

7. Мамандандырылған білім беру ұйымдары:

1) мамандандырылған мектеп;

2) мамандандырылған лицей (мамандандырылған мектеп-лицей);

3) мамандандырылған гимназия (мамандандырылған мектеп-гимназия);

4) мамандандырылған мектеп-интернат;

5) мамандандырылған мектеп-лицей-интернат;

6) мамандандырылған мектеп-гимназия-интернат;

7) мамандандырылған музыка мектеп-интернаты;

8) мамандандырылған спорт мектеп-интернаты (олимпиадалық резервтегі мамандандырылған мектеп-интернат-колледж);

9) мамандандырылған хореография мектеп-интернаты (мамандандырылған хореография мектеп-интернат-училищесі);

10) мамандандырылған әскери мектеп-интернат;

11) "Білім-инновация" лицей-интернат;

12) мамандандырылған мектеп-кешендер.

8. Арнайы білім беру ұйымдары:

1) арнайы бөбекжай;

2) арнайы балабақша;

3) арнайы мектеп;

4) арнайы мектеп-интернат;

5) арнайы кешен "балабақша - мектеп – интернат";

6) арнайы кешен "мектеп - интернат - колледж";

7) психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация;

8) оңалту орталығы;

9) психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеті.

9. Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдары:

1) балалар үйі;

2) ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға арналған балалар үйі;

3) жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мектеп-интернат;

4) жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға арналған мектеп-интернат;

5) отбасы үлгісіндегі балалар үйі;

6) отбасы үлгісіндегі балалар ауылы;

7) пана үйі;

8) кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығы;

9) жасөспірімдер үйі (әлеуметтік бейімдеу орталығы);

10) қиын өмір жағдайындағы балаларды қолдау орталығы.

10. Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары:

1) мектепке дейінгі дамыту кешені (орталық, академия);

2) оқушылар сарайы (үйі, орталығы, кешені, балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығы және басқалары);

3) жас натуралистер станциясы (балалар экологиялық орталығы, биологиялық орталық, экобиоорталығы, экология және өлкетану балалар-жасөспірімдер орталығы);

4) жас техниктер станциясы (орталық, балалар және жасөспірімдер техникалық шығармашылық мектебі);

5) жас туристер станциясы (балалар-жасөспірімдер туризм орталығы);

6) балалар аула клубы, балалар әскери патриоттық клубы (клубтық демалыс ұйымдары);

7) балалар өнер мектебі (балалар музыка мектебі, балалар көркемөнер мектебі, балалар өнер мектебі, көркем-эстетикалық бағыттағы мектептер);

8) балалар сауықтыру орталығы (орталығы, кешені, қала сыртындағы сауықтыру

лагері және күндізгі уақытта ұйымдастырылатын лагерь, палаталық лагерь, киіз үй лагері);

9) балалар-жасөспірімдер спорттық мектебі;

10) олимпиадалық резервтегі мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебі;

11) балалар қызығушылығы мен жұмыстары бағыты бойынша ұйымдар;

12) балаларға қосымша білім беру оқу-әдістемелік және ғылыми-практикалық орталықтары.

11. Ересектерге арналған қосымша білім беру ұйымдары:

1) қосымша білім беру институты;

2) әдістемелік орталық (кабинет);

3) қосымша білім беру (өңірлік, өңіраралық, салалық) оқу орталығы;

4) білім беру қызметін жүзеге асыратын заңды тұлғаның қосымша білім беру құрылымдық бөлімшесі.

**ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ
ҮКІМЕТІНІҢ
ҚАУЛЫСЫ**



**ПОСТАНОВЛЕНИЕ
ПРАВИТЕЛЬСТВА
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН**

2017 жылғы 7 сәуірдегі
№ 181

Астана, Үкімет Үйі

от 7 апреля 2017 года
№ 181

"Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын, оның ішінде балаларға арналған қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы № 499 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2017 жылғы 7 сәуірдегі № 181 қаулысы.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын, оның ішінде балаларға арналған қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы № 499 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2013 ж., № 33, 501-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақта:

2), 3), 4), 5), 6) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"2) Орта білім беру ұйымдары (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта) қызметінің үлгілік қағидалары;

3) Техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары;

4) Орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары;

5) Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары;

6) Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары;"

9) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"9) Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары;"

көрсетілген қаулымен бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Жалпы білім беру ұйымдары (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта) қызметінің үлгілік қағидалары осы қаулыға 2-

қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары осы қаулыға 4-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Жоғары білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары осы қаулыға 5-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары осы қаулыға 6-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Мамандандырылған білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары осы қаулыға 7-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Арнайы білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары осы қаулыға 8-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Жетім балалар мен ата-анасының (заңды өкілдерінің) қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларында:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Білім беру ұйымы заңды тұлға болып табылады, оның оқшауланған мүлкі, өз атауы жазылған мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес банкте шоты болады.

Білім беру ұйымы тәрбие бағдарламасын тәрбиеленушілердің психикалық-физиологиялық ерекшеліктеріне, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың денсаулығын сақтау, құқықтары мен мүдделерін қорғау талаптарына сәйкес дербес әзірлейді.

Білім беру ұйымы оқушылардың бойында тамақтану мәдениетін қалыптастыру, оның ішінде теңгерімді пайдалы тамақтануды және табиғи және жас өнімдерді тұтынуды насихаттау арқылы қалыптастыру жөнінде жұмыстар жүргізеді.";

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Білім беру ұйымдарының қызметін бақылау "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" 2011 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексіне, 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне, Қазақстан Республикасының "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі, "Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы" 2002 жылғы 8 тамыздағы заңдарына, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.";

13-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Жалпы білім беретін мектептердегі оқу-тәрбие процесі орта білім беру

ұйымдары қызметінің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта) үлгілік қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.";

көрсетілген қаулымен бекітілген Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары осы қаулыға 9-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Ересектерге арналған қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларында:

1-бөлімнің тақырыбына орыс тілінде өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

2, 3-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Ересектерге арналған қосымша білім беруді білім беру ұйымдары, сондай-ақ қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын құрылымдық бөлімшелері бар заңды тұлғалар (бұдан әрі – білім беру ұйымдары) жүзеге асырады.

3. Білім беру ұйымдары өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі – Еңбек кодексі), Қазақстан Республикасының "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі, "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" 2015 жылғы 18 қарашадағы заңдарына, Қазақстан Республикасының білім беру қызметін регламенттейтін өзге де нормативтік құқықтық актілеріне, сондай-ақ осы Үлгілік қағидаларға және оның негізінде әзірленген білім беру ұйымының жарғысына сәйкес жүзеге асырады.";

4-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) технологиялар мен өндірісте болып жатқан өзгерістерге байланысты оларға қойылатын талаптардың тұрақты артуын ескере отырып жұмысшылардың, қызметшілердің, мамандардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау;"

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау кәсіпорындармен (бірлестіктермен), ұйымдармен, жұмыспен қамту органдарымен, сондай-ақ басқа да заңды және жеке тұлғалармен жасалатын шарттар негізінде жүзеге асырылады.";

17-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"17. Ересектерге арналған қосымша білім беру бюджет қаражаты есебінен де, ақылы негізде де жүзеге асырылуы мүмкін.

Ақылы негіздегі оқу құнын білім беру ұйымы айқындайды.

Медициналық және фармацевтикалық қызметкерлердің қосымша білім алуы бюджет қаражаты есебінен аккредитациялық органдардың тізіліміне енгізілген аккредитациялық органдарда институционалдық аккредитациядан өткен оқыту ұйымдарында жүзеге асырылады.";

19-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"19. Біліктілікті арттырудан және қайта даярлаудан өтіп жатқан қызметкерлер Еңбек кодексінде, ұжымдық, еңбек шарттарында көзделген кепілдіктерді пайдаланады.";

24-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"24. Ересектерге арналған қосымша білім беру ұйымының басшысы:

1) ересектерге арналған қосымша білім беру ұйымының білім алушылары мен қызметкерлерінің құқықтары мен бостандықтарын бұзғаны;

2) өзінің құзыретіне жатқызылған функцияларды орындамағаны;

3) ересектерге арналған қосымша білім беру ұйымының білім алушылары мен қызметкерлерінің оқу процесі кезіндегі өмірі мен денсаулығы;

4) қаржы-шаруашылық қызметтің жай-күйі, оның ішінде материалдық және ақша қаражатын нысаналы пайдаланбағаны;

5) нормативтік құқықтық актілерде және еңбек шартының талаптарында көзделген өзге де талаптарды бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жауапты болады."

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі**

Б. Сағынтаев

*Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2017 жылғы 7 сәуірдегі
№ 181 қаулысына
7-қосымша*

*Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2013 жылғы 17 мамырдағы
№ 499 қаулысымен бекітілген*

Мамандандырылған білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Мамандандырылған білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес (бұдан әрі – "Білім туралы" Заң) әзірленді және меншік нысаны мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан олардың қызмет тәртібін айқындайды.

2. Мамандандырылған білім беру ұйымдары дарынды балалардың ғылым, мәдениет, өнер, хореография, спорт, алғашқы әскери дайындық негіздерін терең меңгеруіне бағытталған мамандандырылған жалпы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша элитарлық білім беруді іске асырады.

3. Мамандандырылған білім беру ұйымы өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының заңдарына, сондай-ақ осы Қағидаларға және олардың негізінде әзірленген жарғыға сәйкес жүзеге асырады. Жарғыны мамандандырылған білім беру ұйымы әзірлейді.

4. Мамандандырылған білім беру ұйымдарының негізгі мақсаты – серпінді даму ортасына өзін-өзі бейімдеуге дайын бәсекеге қабілетті адамды және дарынды балалардың функционалдық сауаттылығын дамыту үшін жағдайларды қамтамасыз ету.

5. Мамандандырылған білім беру ұйымдарының міндеттері:

1) элитарлық білім беруді іске асыру;

2) елдің зияткерлік әлеуетін сақтау және дамыта түсу;

3) дарынды балаларды дербес оқытуды және білім алушылардың мамандандырылған жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын сапалы меңгеруін қамтамасыз ету;

4) дарынды балалардың өзіндік, жобалық және зерттеушілік қызмет дағдыларын жетілдіру;

5) ұлттық мақтаныш, азаматтық қадір-қасиет, Отанына, өз халқына деген сүйіспеншілік сезімі бар азамат пен патриоттың әлеуметтік белсенді тұлғасын қалыптастыру.

6. Мамандандырылған білім беру ұйымының мынадай бағыттары бар: жаратылыстану-математикалық, қоғамдық-гуманитарлық, экономикалық, технологиялық, музыкалық, хореографиялық, көркемдік-эстетикалық, әскери,

спорттық.

7. Мамандандырылған білім беру ұйымы білім берудің жаңа мазмұнын іздеуді, әзірлеуді, оны ендіру нысандары мен әдістерін, эксперименттік білім беру бағдарламалары мен оқу жоспарларын сынамалауды ұйымдастыратын шығармашылық зертхана болып табылады.

2. Мамандандырылған білім беру ұйымдары қызметінің тәртібі

8. Мамандандырылған білім беру ұйымдарын құру Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

9. Мамандандырылған жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары меншік нысаны мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, өз қызметін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес берілген лицензияның негізінде жүзеге асырады.

10. Лицензиялау рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесін және рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімі пайдаланыла отырып электрондық нысанда жүзеге асырылады.

11. Мамандандырылған білім беру ұйымы дербес заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және өз атауы жазылған мөрі, ағымдағы шоты және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген басқа да шоттары болады.

12. Мамандандырылған білім беру ұйымдарының қызметін жүзеге асыру үшін жоғары білікті кадрлардың, қажетті материалдық-техникалық базаның және білім беру процесін тиісті оқу-әдістемелік қамтамасыз ету және ғылыми сүйемелдеу болуы қажет. Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларды оқыту үшін олардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып, қажетті жағдайлар жасалады.

13. Ведомстволық бағыныстылығына қарамастан мамандандырылған білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттауды мемлекеттік білім беруді басқару органдары өздерінің құзыретіне сәйкес жоспарлы түрде бес жылда бір рет өткізеді.

14. Мамандандырылған білім беру ұйымындағы білім беру процесін ұйымдастыру білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітетін мамандандырылған білім беру ұйымдарына арналған үлгілік оқу жоспарлары негізінде әзірленген оқу жұмыс жоспарлары бойынша жүзеге асырылады.

15. Оқу жұмыс жоспары мен мамандандырылған жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын әзірлеуді мамандандырылған білім беру ұйымы дербес жүзеге асырады.

16. Мамандандырылған білім беру ұйымдары жарғыларында айқындалатын оқытудың нысандарын, құралдары мен әдістерін өз бетінше таңдайды.

17. Мамандандырылған білім беру ұйымы білім алушылардың сұраныстарына және кадрлық әлеуеттің мүмкіндіктеріне сәйкес ішкі бейіндеуші пәндер, сондай-ақ қолданбалы курстар мен факультативтердің білім салаларын айқындайды.

18. Мамандандырылған білім беру ұйымдарының әр деңгейдегі сынып-комплектілері мен сыныптардағы білім алушылар саны тиісті жағдайлар болғанда қалыптастырылады.

19. Мемлекеттік (орыс тілінде оқытатын сыныптар үшін) және орыс (қазақ тілінде оқытатын сыныптар үшін) тілдерін, ақпараттық-есептеу техникасы негіздерін, ритмиканы, хореографияны, музыканы, дене тәрбиесін, технологияны,

көркемдік пәндерін оқыту, сондай-ақ бейінді пәндерден зертханалық, практикалық жұмыстар жүргізу кезінде сыныптар 2 топқа, шетел тілдерін және пәндерді шетел тілінде оқыту кезінде 3 топқа бөлінді.

20. Жалпы орта білім деңгейінде таңдау бойынша (тереңдетілген деңгей) пәндерді ағылшын тілінде оқыту кезінде сыныптар 2-3 шағын топқа бөлінеді.

21. Сыныптарды қосымша бөлу, икемді вариативті кесте жүйесі, деңгейлік бөлу, консультациялар мен таңдау бойынша пәндер жүйесі арқылы жалпы орта білім беру деңгейінде бейінді саралауды жүзеге асыру мамандандырылған білім беру ұйымының толық күн режимінде жұмыс істеуін талап етеді.

22. Білім алушылардың оқу-тәрбие қызметін тиімді ұйымдастыру үшін 10 сынып-комплектіге психологтың бір ставкасы есебінен психологиялық қызмет құрылады, сынып-комплектілер санын ұлғайту кезінде психолог ставкасының саны тиісті жылға көзделген жалақы қорының есебінен және соның шегінде арттырылады.

23. Мамандандырылған білім беру ұйымдарындағы сабақ кестесінде білім алушылар мен тәрбиеленушілердің тамақтануы және белсенді демалуы үшін ұзақтығы жеткілікті үзіліс көзделуі тиіс.

24. Мамандандырылған жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары меншік нысаны мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан білім алушылар мен тәрбиеленушілердің бойында тамақтану мәдениетін қалыптастыруды, соның ішінде үйлестірілген пайдалы тамақтану және табиғи, жаңа піскен өнімдерді тұтынуды насихаттау арқылы қамтамасыз етеді.

3. Басқару және кадрлық қамтамасыз ету

25. Мамандандырылған білім беру ұйымын басқару Қазақстан Республикасының заңнамасына, осы Қағидаларға, мамандандырылған білім беру ұйымының жарғысына және құрылтай құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

26. Мамандандырылған білім беру ұйымын алқалы басқару нысандары педагогикалық кеңес, оқу-әдістемелік кеңес, қамқоршылық кеңес және т.б. болып табылады.

27. Тікелей басшылықты қамқоршылық кеңестің келісімімен Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тағайындалатын басшы жүзеге асырады.

28. Мамандандырылған білім беру ұйымының басшысы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен:

1) білім беру ұйымы білім алушыларының, тәрбиеленушілерінің, қызметкерлерінің құқықтары мен бостандықтарын бұзғаны;

2) өзінің құзыретіне жатқызылған функцияларды орындамағаны;

3) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарын бұзғаны;

4) білім беру ұйымы білім алушыларының, тәрбиеленушілері мен қызметкерлерінің оқу-тәрбие процесі кезіндегі өмірі мен денсаулығы;

5) қаржы-шаруашылық қызметтің жай-күйі, оның ішінде материалдық және ақша қаражаттарын нысаналы пайдаланбағаны;

6) нормативтік құқықтық актілерде және еңбек шартының талаптарында көзделген өзге де талаптарды бұзғаны үшін жауапты болады.

29. Мамандандырылған білім беру ұйымының басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен аттестаттаудан өтеді.

30. Мамандандырылған білім беру ұйымын материалдық-техникалық және кадрлық қамтамасыз етуді, ондағы оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру мәселелері бойынша шарттық негізде өзінің қызмет бағытына сәйкес жоғары оқу орындарымен және ғылыми мекемелермен өзара іс-қимыл жасайды.

31. Мамандандырылған білім беру ұйымдары қызметкерлерінің құқықтары мен міндеттері "Білім туралы" Заңда, жарғыда, Ішкі тәртіп қағидаларында және лауазымдық нұсқаулықтарда айқындалады.

32. Мамандандырылған білім беру ұйымдарын қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

33. Мамандандырылған білім беру ұйымының қызметін қаржыландыру:

1) мемлекеттік – жергілікті және республикалық бюджет қаражаты;

2) заңды және жеке тұлғалардың ерікті жарналары;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін ақылы білім беру қызметтерін көрсетуден және қызметтің басқа да түрлерінен түскен қаражат есебінен жүзеге асырылады.

34. Мамандандырылған білім беру ұйымы халықаралық қызметке білім беру саласындағы уәкілетті органның желісі бойынша, сондай-ақ бюджеттен тыс қаражат есебінен өз бастамасы бойынша қатысады.

35. Мамандандырылған білім беру ұйымы оқыту, тағылымдамадан өту, тәжірибе алмасу, семинарлар, конференциялар, олимпиадалар жұмыстарына қатысу және т.б. бойынша халықаралық қызметті жүзеге асырады.

36. Мамандандырылған білім беру ұйымын қайта құру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ



МИНИСТЕРСТВО
ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН

БҰЙРЫҚ

2013 ж. 19 шілде
Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ 289
город Астана

**Мамандандырылған білім беру
ұйымдарының түрлері қызметінің үлгілік
қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігі
Нормативтік құқықтық актілерді тіркеу
департаменті

Нормативтік құқықтық акті 2013 жылғы
«12» 08 Нормативтік құқықтық
кеші-арада мемлекеттік тіркелуі тізіліміне
№ 8621 болып енгізілді

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 5-бабының 44-5) тармақшасын іске асыру мақсатында
БҰЙЫРАМЫН:

1. Мамандандырылған білім беру ұйымдарының түрлері қызметінің мынадай үлгілік қағидалары олардың оқу-тәрбие қызметін ұйымдастыру нысанына сәйкес:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Мамандандырылған мектептер (мамандандырылған мектептер, мамандандырылған лицей, (мамандандырылған мектеп-лицей), мамандандырылған гимназия, (мамандандырылған мектеп-гимназия)) түрлері қызметінің үлгілік қағидалары;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Интернаттық мекемелері (мамандандырылған мектеп-интернат, мамандандырылған мектеп-лицей-интернат, мамандандырылған мектеп-гимназия-интернат, мамандандырылған музыкалық мектеп-интернат, мамандандырылған спорттық мектеп-интернат, мамандандырылған әскери мектеп-интернат, қазақ-түрік лицейі) бар мамандандырылған білім беру ұйымдары түрлері қызметінің үлгілік қағидалары;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес Мамандандырылған мектеп-кешені қызметінің үлгілік қағидалары бекітілсін.

2. Мектепке дейінгі және орта білім департаменті (Ж.А. Жонтаева):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде белгіленген тәртіпте мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануын;

3) осы бұйрықтың білім беру ұйымдарының назарына жеткізілуін қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау білім және ғылым вице-министрі М.А. Әбеновке жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр



Б. Жұмағұлов

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2013 жылғы «19» шілдедегі
№ 289 бұйрығына 1-қосымша

**Мамандандырылған мектептер (мамандандырылған мектеп,
мамандандырылған лицей (мамандандырылған мектеп-лицей),
мамандандырылған гимназия (мамандандырылған мектеп-гимназия) түрлері
қызметінің үлгілік қағидалары**

1. Жалпы ережелер

1. Осы мамандандырылған мектептер (мамандандырылған мектеп, мамандандырылған лицей, (мамандандырылған мектеп-лицей), мамандандырылған гимназия, (мамандандырылған мектеп-гимназия)) түрлері қызметінің үлгілік қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңының 5-бабының 44-5) тармақшасына, «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын, оның ішінде балаларға арналған қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» (бұдан әрі – Қызметтің үлгілік қағидалары) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 20 мамырдағы №499 қаулысына сәйкес әзірленді және олардың меншік нысандары мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан олардың қызмет тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай түсініктер қолданылады:

1) мамандандырылған мектеп – білім алушылардың тілдерді, ғылым, мәдениет, өнер, спорт, әскери іс негіздерін терең игеруіне, олардың шығармашылық әлеуеттері мен дарын-қабілеттерін дамытуға бағытталған, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары мен олардың негізінде әзірленетін мамандандырылған жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын оқу орны;

2) мамандандырылған лицей (мамандандырылған мектеп-лицей) – оқушылардың бейімділіктері мен қабілеттеріне сәйкес жаратылыстану-математикалық бағыттары бойынша кеңейтілген және тереңдетілген білім беруді қамтамасыз ететін бастауыш, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары мен олардың негізінде әзірленетін мамандандырылған жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын оқу орны;

3) мамандандырылған гимназия (мамандандырылған мектеп-гимназия) – оқушылардың бейімділіктері мен қабілеттеріне сәйкес қоғамдық-гуманитарлық және өзге де бағыттар бойынша кеңейтілген және тереңдетілген білім беруді қамтамасыз ететін бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары мен олардың негізінде әзірленетін мамандандырылған жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын оқу орны.

3. Мамандандырылған мектептер (мамандандырылған мектеп, мамандандырылған лицей (мамандандырылған мектеп-лицей), мамандандырылған гимназия (мамандандырылған мектеп-гимназия)) (бұдан әрі – мамандандырылған

мектептер) қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңына, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Қағидаларға және олардың негізінде әзірленген жарғыға сәйкес жүзеге асырады.

4. Мамандандырылған мектептердің негізгі мақсаты - элитарлық білімді, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру мен мамандандырылған жалпы білім беретін оқу бағдарламалары негізінде әзірленетін жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, оқытудың жоғарғы тиімділігін қамтамасыз ететін инновациялық педагогикалық технологияларды іске асыру.

5. Мамандандырылған мектептердің міндеттері:

1) тұлғаның шығармашылық, рухани және дене шынықтыру мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік және салауатты өмір сүру негіздерін қалыптастыру, дара тұлғаны дамыту үшін жағдайларды жасау арқылы зияткерлікті байыту;

2) дарынды балаларға білім берудің вариативтілігін және көп деңгейлігін қамтамасыз ететін жағдайлар жасау;

3) дарынды балалардың жеке бағдарланған білімін дамыту;

4) қоғамда өмір сүруге бейімделген, қосымша және кәсіптік білім беру бағдарламаларын саналы таңдауға дайын, мәдени жағынан жоғары дамыған зияткерлі тұлғаны қалыптастыру;

5) Оқушылардың негізгі жалпы білім беру бағдарламаларының сапалы және саралаған оқуды меңгеруін қамтамасыз ету;

6) оқушылардың ғылыми-зерттеу қызметінің дағдылары мен шығармашылық қабілеттерін дамыту.

6. Жалпы орташа білім берудің қолжетімділігін және вариативтілігін қамтамасыз ету, оқу үшін қолайлы жағдайларды жасау, дарынды балаларды олардың бейімділіктеріне, қабілеттеріне, мүдделіліктеріне байланысты тәрбиелеу және дамыту мақсатында мамандандырылған мектептердің келесі түрлері құрылады:

1) мамандандырылған мектеп;

2) мамандандырылған лицей;

3) мамандандырылған гимназия.

7. Мамандандырылған мектептерде саяси партиялардың, қоғамдық-саяси және діни қозғалыстар мен ұйымдарды құруға және олардың жұмыс істеуіне жол берілмейді.

2. Мамандандырылған мектептер қызметінің тәртібі
(мамандандырылған мектеп, мамандандырылған лицей
(мамандандырылған мектеп-лицей), мамандандырылған гимназия
(мамандандырылған мектеп-гимназия))

8. Мамандандырылған мектептердің мәртебесі (үлгісі, түрі) Қызметтің үлгілік қағидаларының және осы Қағидалар талаптарын ескере отырып, оның жарғысында көрсетіледі.

9. Мамандандырылған мектептерді мемлекеттік аттестаттау «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

10. Мамандандырылған мектептерге оқуға қабылдау конкурстық негізде жүргізіледі.

Мамандандырылған мектептерге жалпы білім беру пәндері бойынша республикалық, өңірлік олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстардың (ғылыми жарыстардың) жеңімпаздары және жүлдегерлері білім беру ұйымының құрылтайшы құжаттарына сәйкес қабылданады.

11. Мамандандырылған мектептер оқуға қабылдау үшін қосымша конкурстық турларды белгілейді. Білім алушыларға іріктеу жүргізудің мазмұны мен нысаны, қабылдау мектептен шығару, білім алушыларды ауыстыру және мектепті бітіру тәртібі білім беру ұйымының жарғысына сәйкес жүзеге асырылады.

12. Республикалық маңыздағы мамандандырылған мектептерді материалдық техникалық қамтамасыз етуді, жарақтауды және жабдықтауды білім беру саласындағы уәкілетті орган, облыстық, республикалық маңыздағы қаланың және астананың мамандандырылған мектептерін материалдық техникалық қамтамасыз етуді, жарақтауды және жабдықтауды білім беру саласындағы жергілікті атқарушы орган жүзеге асырады. Дамуында мүмкіндігі шектеулі дарынды балаларды оқытуда олардың жеке қажеттіліктеріне сәйкес қажетті жағдай жасалады.

13. Мамандандырылған мектептер білім беру үдерісін жалпы білім беру бағдарламаларына сәйкес білім берудің мынадай үш деңгейі бойынша жүзеге асырады:

- 1) бірінші деңгей - бастауыш білім беру;
- 2) екінші деңгей - негізгі білім беру;
- 3) үшінші деңгей - жалпы орташа білім беру.

14. Мамандандырылған мектептерде білім беру үдерісін ұйымдастыру оқу жұмыс жоспарлары бойынша жүзеге асырылады.

Мамандандырылған мектептердің оқу жұмыс жоспарларын білім беру ұйымдарының әкімдігі бекітеді және білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органдармен келістіріледі.

15. Мамандандырылған жалпы білім беретін оқу бағдарламалары негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары негізінде әзірленеді және білім алушылардың тілдерді, ғылым, мәдениет, өнер, спорт негіздерін терең игеруіне, олардың шығармашылық әлеуеттері мен дарын-қабілеттерін дамытуға бағытталған.

16. Мамандандырылған мектептер оқу жоспарының вариативті бөлігі құрамына кіретін және бағыт ерекшелігін сипаттайтын оқу пәндері бойынша жұмыстың оқу жоспары мен бағдарламаларын дербес жүзеге асырады.

17. Біріктірілген білім беретін оқу бағдарламалары пәнаралық, деңгейаралық, халықаралық болуы мүмкін. Біріктірілген білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыру үшін білім беру саласындағы ғалымдар, академиктер, шетел мамандары тартылады.

18. Мамандандырылған мектептерде пәндерді терең оқу үшін факультативтерге және әрбір сыныпқа 4 сағаттан есептегенде оқушылардың таңдауы бойынша қосымша курстарды ұйымдастыруға, үйірмелерді, студияларды, ғылыми қоғамдар және басқаларды ұйымдастыру үшін әрбір сыныпқа есептегенде 0,25 мөлшерлерінде, сондай-ақ мектепке жылына 1500 сағат есебінен біліктілігі жоғары мамандармен шарт негізінде өткізілетін жекелеген курстар және дәрістерге төлеу үшін қаражат бөлінеді.

Таңдау бойынша факультативтік сабақтар және курстар топта

кемінде 10 адам болғанда жүргізіледі.

19. Мамандандырылған мектептер олардың жарғысында белгіленген нысандар, құралдар және оқу әдісін өздігінен таңдай алады.

20. Мамандандырылған мектептер ішкі бейін пәндері, сондай-ақ білім алушылардың сұрауы және кадр әлеуеті мүмкіндіктеріне сәйкес қолданбалы курстар және факультативтер саласындағы білімін анықтайды.

21. Мамандандырылған мектептерден сыныптарды қосымша бөлу жүйесі, икемді вариативті сабақ кестесі, деңгейлеп оқыту жүйесі, кеңес беру және таңдау бойынша пәндер арқылы жалпы орта білім беру деңгейінде бейінді саралауды жүзеге асыру толық күн жұмыс істеуді талап етеді.

22. Мамандандырылған мектептердегі сыныптар-топтарының саны әрбір деңгейде және сыныптарда оқитындардың саны тиісті жағдайлар бар болғанда қалыптасады.

23. Мемлекеттік және орыс тілін, ақпараттық-есептеу техника, ритмика, хореография, музыка, дене шынықтыру, технологияны зерделеу, сондай-ақ зертханалық жұмыстарды жүргізу, бейінді пәндер бойынша практикалық жұмыстарды жүргізу барысында сыныптар 2-топқа бөлінеді; шет тілін және шет тілінде пәндерді оқу барысында – 3 топқа бөлінеді.

24. Оқушылардың оқу-тәрбие қызметін тиімді ұйымдастыру үшін 10 сынып-топтарына психологтың 1 ставка есебінен психологиялық қызмет құрылады, егер сынып-топтары көбейтілсе психологтың ставка мөлшерінің саны тиісті жылға қарастырылған жалақы қорына байланысты көбейтіледі.

25. Мектеп-интернат оның бейініне сәйкес жоғары оқу орындарымен және басқа да ғылыми мекемелермен ынтымақтастықты жүзеге асырады.

26. Мамандандырылған мектептер ақылы қосымша білім беру қызметтерін көрсетеді. Ақылы білім беру қызметтерінің орнына және бюджеттен қаржыландырылатын негізгі білім беру қызметі шеңберінде тыйым салынады.

27. Қосымша қаражаттарды тарту мемлекеттік мекеменің нормативтерін және (немесе) қаржыландырудың абсолюттік мөлшерлерін бюджеттік қаражаттар есебінен төмендетуіне әкелмейді.

28. Мамандандырылған мектептердің қызметкерлеріне еңбекақы төлеу және оларды материалдық ынталандыру Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

29. Мамандандырылған мектептердің педагогикалық қызметкерлеріне ғылыми дәрежесі үшін мынадай қосымша ақы:

- 1) ғылым кандидаты үшін бір айлық жалақының ең төменгі мөлшерінде;
- 2) ғылым және PhD докторлары үшін екі айлық жалақының ең төменгі мөлшерінде белгіленеді.

**Интернаттық мекемелері (мамандандырылған мектеп-интернат,
мамандандырылған мектеп-лицей-интернат, мамандандырылған мектеп-
гимназия-интернат, мамандандырылған музыкалық мектеп-интернат,
мамандандырылған спорттық мектеп-интернат, мамандандырылған әскери
мектеп-интернат, қазақ-түрік лицейі)
бар мамандандырылған білім беру ұйымдары түрлері
қызметінің үлгілік қағидалары**

1. Жалпы ережелер

1. Осы интернаттық мекемелері (мамандандырылған мектеп-интернат, мамандандырылған мектеп-лицей-интернат, мамандандырылған мектеп-гимназия-интернат, мамандандырылған музыкалық мектеп-интернат, мамандандырылған спорттық мектеп-интернат, мамандандырылған әскери мектеп-интернат, қазақ-түрік лицейі) бар мамандандырылған білім беру ұйымдары түрлері қызметінің үлгілік қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңының 5-бабының 44-5) тармақшасына, «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын, оның ішінде балаларға арналған қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» (бұдан әрі – Қызметтің үлгілік қағидалары) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 20 мамырдағы № 499 қаулысына сәйкес әзірленді және олардың меншік нысандары мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан олардың қызмет тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай түсініктер қолданылады:

1) мамандандырылған мектеп-интернат-тұратын орын ұсынумен қоса жаратылыстану-математикалық немесе қоғамдық-гуманитарлық бағыттары бойынша қабілеттердің жоғары деңгейін немесе жеке пәндер бойынша ерекше дарындылықты көрсететін оқушыларды оқыту мен тәрбиелеуге бағытталған бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары мен олардың негізінде әзірленетін мамандандырылған жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын оқу орны;

2) мамандандырылған мектеп-лицей-интернат – тұратын орын ұсынумен білім алушылардың бейімділіктері мен қабілеттеріне сәйкес жаратылыстану-математикалық бағыттары бойынша кеңейтілген және тереңдетілген білім беруді қамтамасыз ететін бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары мен олардың негізінде әзірленетін мамандандырылған жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын оқу орны;

3) мамандандырылған мектеп-гимназия-интернат - тұратын орын ұсынумен білім алушылардың бейімділіктері мен қабілеттеріне сәйкес қоғамдық-гуманитарлық және өзге де бағыттар бойынша кеңейтілген және тереңдетілген білім беруді қамтамасыз ететін бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары мен олардың негізінде әзірленетін мамандандырылған жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын оқу

орны;

4) мамандандырылған музыкалық мектеп-интернат— тұратын орын ұсынумен қоса музыкалық дарынды балалардың музыкалық қабілеттерін дамытуға бағытталған қосымша оқу бағдарламаларын және бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары мен олардың негізінде әзірленетін мамандандырылған жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын оқу орны;

5) мамандандырылған спорттық мектеп-интернаты—тұратын орын ұсынумен қоса спорт саласындағы оқушылардың дарындылығын дамытуға бағытталған қосымша оқу бағдарламаларын және бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары мен олардың негізінде әзірленетін мамандандырылған жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын оқу орны;

6) мамандандырылған әскери мектеп-интернаты —тұратын орын ұсынумен қоса, оқушылардың әскери істі терең игеруіне бағытталған қосымша білім бағдарламаларын және бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары мен олардың негізінде әзірленетін мамандандырылған жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын оқу орны;

7) қазақ-түрік лицейі (интернат)— жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндерді ағылшын тілінде оқытуды жүзеге асыратын (тұратын орын ұсынумен қоса) және бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары мен олардың негізінде әзірленетін мамандандырылған жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын оқу орны.

3.Интернаттық мекемелері (мамандандырылған мектеп-интернат, мамандандырылған мектеп-лицей-интернат, мамандандырылған мектеп-гимназия-интернат, мамандандырылған музыкалық мектеп-интернат, мамандандырылған спорттық мектеп-интернат, мамандандырылған әскери мектеп-интернат, қазақ-түрік лицейі) бар мамандандырылған білім беру ұйымдары (бұдан әрі –Мектеп-интернаттар)қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңына, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Қағидаларға және олардың негізінде әзірленген жарғыға сәйкес жүзеге асырады.

4.Мектеп-интернаттың негізгі мақсаты –дарынды балалардың ғылым, мәдениет, өнер, спорт, әскери іс негіздерін терең игеруіне бағытталған, элитарлық білім беруді қамтамасыз ететін, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары мен олардың негізінде әзірленетін мамандандырылған жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыру.

5. Мектеп-интернаттың міндеттері:

1) тұлғаның шығармашылық, рухани және дене шынықтыру мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік және салауатты өмір сүру негіздерін қалыптастыру, дара тұлғаны дамыту үшін жағдайларды жасау арқылы зияткерлікті байыту;

2) тұратын орнын қамтамасыз етумен қоса дарынды балаларға білім берудің вариативтілігін және көп деңгейлілігін қамтамасыз ететін жағдайларды жасау;

3) дарынды балалардың жеке бағдарланған білімін дамыту;

4) қоғамда өмір сүруге бейімделген, қосымша және кәсіптік білім беру

бағдарламаларын саналы таңдауға дайын, мәдени жағынан жоғары дамыған зияткерлі тұлғаны қалыптастыру;

5) Оқушылардың негізгі жалпы білім беру бағдарламаларының сапалы және саралаған оқуды меңгеруін қамтамасыз ету;

6) оқушылардың ғылыми-зерттеу қызметінің дағдыларымен шығармашылық қабілеттерін дамыту.

7) оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық коммуникациялық желілерге шығу.

6. Әртүрлі мектеп-интернаттар нақты міндеттерге, білім берудің мазмұнына қойылатын талаптарға, білім беру процесінің ерекшеліктеріне, қызмет режиміне және қаржыландыру жағдайларына байланысты құрылады.

7. Мектеп-интернаттар республикалық, облыстық маңызда бола алады.

8. Жалпы орта білім берудің қолжетімділігін және вариативтілігін қамтамасыз ету, дарынды балаларды олардың бейімділіктеріне, қабілеттеріне, мүдделіліктеріне байланысты оқыту, тәрбиелеу, дамыту үшін қолайлы жағдайларды жасау мақсатында Мектеп-интернаттардың келесі түрлері құрылады:

- 1) мамандандырылған мектеп-интернат;
- 2) мамандандырылған мектеп-лицей-интернат;
- 3) мамандандырылған мектеп-гимназия-интернат;
- 4) мамандандырылған музыкалық мектеп-интернат;
- 5) мамандандырылған спорттық мектеп-интернаты;
- 6) мамандандырылған әскери мектеп-интернаты;
- 7) қазақ-түрік лицейі (интернат).

9. Мектеп-интернатта саяси партиялардың, қоғамдық-саяси және діни қозғалыстармен ұйымдарды құруға және олардың жұмыс істеуіне жол берілмейді.

2. Интернаттық мекемесі бар мамандандырылған білім берудің ұйымдары түрлері қызметінің тәртібі

10. Мектеп-интернаттың мәртебесі (үлгісі, түрі) Қызметтің үлгілік қағидаларының және осы Қағидалардың талаптарын ескере отырып оның жарғысында көрсетіледі.

11. Мектеп-интернатты мемлекеттік аттестаттау «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

12. Мектеп-интернат іздеуді, дарынды балаларға білім берудің жаңа мазмұнын әзірлеуді, оны енгізу нысандарын, құралдарымен әдістерін, ұйымдастыратын, эксперименталды оқу жоспарлары мен бағдарламаларын сынақтан өткізуді ұйымдастыратын шығармашылық зертхана болып табылады.

13. Мектеп-интернатта келесі бағыттар болады: жаратылыстану-математикалық, қоғамдық-гуманитарлық, экономикалық, технологиялық, музыкалық, көркем-эстетикалық, әскери, спорттық.

14. Мектеп-интернатқа оқуға қабылдау конкурстық негізде жүзеге асырылады.

Мектеп-интернатқа жалпы білім беру пәндері бойынша, республикалық, өңірлік олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстардың (ғылыми жарыстардың), жеңімпаздары мен жүлдегерлері білім беру ұйымының құрылтайшы құжаттарына сәйкес қабылданады.

15. Мектеп-интернаты оқуға қабылдау үшін қосымша конкурстық турларды белгілейді. Білім алушыларға іріктеу жүргізудің мазмұны мен нысаны, қабылдау, мектептен шығару, білім алушыларды ауыстыру және мектепті бітіру тәртібі білім беру ұйымының жарғысына сәйкес жүзеге асырылады.

16. Республикалық маңыздағы Мектеп-интернатты материалдық техникалық қамтамасыз етуді, жарақтауды және жабдықтауды білім беру саласындағы уәкілетті орган, облыстық, республикалық маңыздағы қаланың және астананың Мектеп-интернатын материалдық техникалық қамтамасыз етуді, жарақтауды және жабдықтауды білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органжүзеге асырады.

17. Мектеп-интернат білім беру үдерісін жалпы білім беру бағдарламаларына сәйкес білім берудің мынадай үш деңгейі бойынша жүзеге асырады:

- 1) бірінші деңгей – бастауыш білім беру;
- 2) екінші деңгей – негізгі білім беру;
- 3) үшінші деңгей – жалпы орташа білім беру.

18. Мектеп-интернатта білім беру үдерісін оқу жұмыс жоспарлары бойынша жүзеге асырылады.

Мектеп-интернатының оқу жұмыс жоспарларын білім беру ұйымдарының әкімдігі бекітеді және білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органкелістіріледі.

19. Мамандандырылған жалпы білім беретін оқу бағдарламалары негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары негізінде әзірленеді және білім алушылардың ғылым, мәдениет, өнер, спорт негіздерін терең меңгеруіне, олардың шығармашылық әлеуеттері мен дарын-қабілеттерін дамытуға бағытталған.

20. Мектеп-интернаты оқу жоспарының вариативті бөлігі құрамына кіретін және бағыт ерекшелігін сипаттайтын оқу пәндері бойынша жұмыстың оқу жоспары мен бағдарламаларын дербес жүзеге асырады.

21. Біріктірілген білім беретін оқу бағдарламалары пәнаралық, деңгейаралық, халықаралық болуы мүмкін. Біріктірілген білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыру үшін білім беру саласындағы ғалымдар, академиктер, шетел мамандары тартылады.

22. Мектеп-интернатта пәндерді терең оқу үшін факультативтерге және әрбір сыныпқа 4 сағаттан есептегенде оқушылардың таңдауы бойынша қосымша курстарды ұйымдастыруға, үйірмелерді, студияларды, ғылыми қоғамдар және басқаларды ұйымдастыру үшін әрбір сыныпқа есептегенде 0,25 мөлшерлерінде, сондай-ақ мектепке жылына 1500 сағат есебінен біліктілігі жоғары мамандармен шарт негізінде өткізілетін жекелеген курстар және дәрістерге төлеу үшін қаражат бөлінеді.

Таңдау бойынша факультативтік сабақтар және курстар топта кемінде 10 адам болғанда жүргізіледі.

23. Мектеп-интернаттар олардың жарғысында белгіленген нысандар, құралдар және оқу әдісін дербес белгілейді.

24. Мектеп-интернаттар ішкі бейін пәндері, сондай-ақ оқушылардың сұрауы және кадр әлеуеті мүмкіндіктеріне сәйкес қолданбалы курстар мен факультативтер саласындағы білімін анықтайды.

25. Сыныптарды қосымша бөлу жүйесі, икемді вариативті сабақ кестесі,

деңгейлеп оқыту жүйесі, кеңес беру және таңдау бойынша пәндер арқылы жалпы орта білім беру деңгейінде бейінді саралауды жүзеге асыру мектеп-интернаттан толық күн жұмыс істеуді талап етеді.

26. Мектеп-интернаттардағы топтастырылған сыныптар саны әрбір деңгейде және сыныптарда оқытындардың саны тиісті жағдайлар бар болғанда қалыптасады.

27. Мемлекеттік және орыс тілін, ақпараттық-есептеу техника, ритмика, хореография, музыка, дене шынықтыру, технологияны зерделеу, сондай-ақ зертханалық жұмыстарды жүргізу, бейінді пәндер бойынша практикалық жұмыстарды жүргізу барысында сыныптар 2-топқа бөлінеді; шет тілін және шет тілінде пәндерді оқу барысында – 3 топқа бөлінеді.

28. Оқушылардың оқу-тәрбие қызметін тиімді ұйымдастыру үшін 10 сынып-топтарына психологтың 1 ставка есебінен психологиялық қызмет құрылады, егер сынып-топтары көбейтілсе психологтың ставка мөлшерінің саны тиісті жылға қарастырылған жалақы қорына байланысты көбейтіледі.

29. Мектеп-интернат оның бейініне сәйкес жоғары оқу орындарымен және басқа да ғылыми мекемелермен ынтымақтастықты жүзеге асырады.

30. Мектеп-интернат ақылы қосымша білім беру қызметтерін көрсетеді. Ақылы білім беру қызметтерінің орнына және бюджеттен қаржыландырылатын негізгі білім беру қызметі шеңберінде көрсетілмейді.

31. Қосымша қаражаттарды тарту мемлекеттік мекеменің нормативтерін және (немесе) қаржыландырудың абсолюттік мөлшерлерін бюджеттік қаражаттар есебінен төмендетуіне әкелмейді.

32. Мектеп-интернатының қызметкерлеріне еңбекақы төлеу және оларды материалдық ынталандыру Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

33. Мектеп-интернатының педагогикалық қызметкерлеріне ғылыми дәрежесі үшін мынадай қосымша ақы:

- 1) ғылым кандидаты үшін бір айлық жалақының ең төменгі мөлшерінде;
- 2) ғылым және PhD докторлары үшін екі айлық жалақының ең төменгі мөлшерінде белгіленеді.

Мамандандырылған мектеп-кешені қызметінің үлгілік қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы мамандандырылған мектеп-кешені қызметінің үлгілік қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңының 5-бабының 44-5) тармақшасына, «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын, оның ішінде балаларға арналған қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» (бұдан әрі – Қызметтің үлгілік қағидалары) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 20 мамырдағы №499 қаулысына сәйкес әзірленді және оның меншік нысандары мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан оның қызмет тәртібін айқындайды.

2. Мамандандырылған мектеп-кешені (бұдан әрі – Мектеп-кешені) - білім алушылардың тілдерді, ғылым, мәдениет, өнер, спорт, әскери іс негіздерін терең игеруіне, олардың шығармашылық әлеуеттері мен дарын-қабілеттерін дамытуға бағытталған бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары мен олардың негізінде әзірленетін мамандандырылған жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын оқу орны.

3. Мектеп-кешені өзінің қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңына, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Қағидаларға және олардың негізінде әзірленген жарғыға сәйкес жүзеге асырады.

4. Мектеп-кешенінің негізгі мақсаты – элитарлық білім беруді жүзеге асыру, мектепке дейінгі, орта білім беру саласындағы қабілетті және дарынды балалардың ғылыми зерттеулерін дамыту, осы бағыттағы Мектеп-кешені қызметінің ғылыми-әдістемелік сүйемелдеуі мен білім берудің үздіксіз қызметі негізінде дарынды балалармен жұмыс бойынша мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беруді құру.

5. Мектеп-кешенінің міндеттері:

1) үздіксіз білім беру жүйесінде жалпы ғылыми басшылықты дарынды балалармен жұмыс істеу бойынша дамыта оқыту саласында ғылыми-зерттеу қызметімен және тәжірибелік-эксперименталды жұмыстармен қамтамасыз ету;

2) білім беру қызметінің инновациялық технологияларын әзірлеу, қолдану және енгізу;

3) тәрбиеленушілермен білім алушылардың жеке тұлғалық ақыл-ой, адамгершілік, эстетикалық және дене шынықтыруын дамытуға қажетті жағдайларды жасау, олардың жекелеген қабілеттері мен мүмкіндіктерін ашу;

4) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары мен қосымша білім беруді меңгеру негізінде ғылыми көзқарасты, жалпы адамгершілік, ұлттық құндылықтар мен шығармашылық ойлауды қалыптастыру;

5) тәрбиеленушілер және білім алушылардың мектепке дейінгі оқушылардың интеллектуалдық қабілеттерін, шығармашылық қиялын, оқушылардың теориялық

және шығармашылық ойлауын дамыту негізінде білім беру бағдарламаларының міндетті мазмұнының меңгерілуін қамтамасыз ету;

6) өзін-өзі тану, өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі жетілдіру және адамгершілік қарым-қатынастарды дамыту негізінде қазақстанның патриоттық сезімін, адамгершілік қасиеттерін, жеке тұлғалық азаматтық сезімін тәрбиелеу;

7) тәрбиеленушілердің оқу іс-әрекетіне деген психологиялық алғышарттарын, мектепте оқуға әлеуметтік-психологиялық дайындық деңгейін зерттеу;

8) тәрбиеленушілерде шығармашылық қиялдың, білім алушыларда шығармашылық және теориялық ойлаудың даму деңгейін, дарынды балалардың жеке тұлғалық өсу деңгейін психологиялық зерттеу;

9) білім алушыларда оқу мотивациясының сапалы ерекшеліктерін, танымдық қызығушылықтарын, оқу қызметі компоненттерінің даму деңгейін, білім алушылардың дайындық сапасын зерттеу;

10) Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес дарынды балаларды мектепке дейінгі, мектеп алды, мектеп және жоғары оқу орындарына дайындаудағы вариативті және бейінді оқу бағдарламаларын, оқу-әдістемелік құралдарды мемлекеттік және орыс тілдерінде әзірлеу;

6. Мектеп-кешенінде саяси партиялардың қоғамдық-саяси және діни қозғалыстармен ұйымдарды құруға және олардың жұмыс істеуіне жол берілмейді.

2. Мамандандырылған мектеп-кешенінің қызмет тәртібі

7. Мектеп-кешені құрамына келесі құрылымдық бөлімшелер кіреді: мектепке дейінгі мекемелер, оқушылардың ғылым, мәдениет, өнер, спорт, әскери іс негіздерін терең меңгеруіне бағытталған мамандандырылған жалпы білім берудің оқу бағдарламаларын іске асыратын мамандандырылған білім беру ұйымдары.

8. Жарғы мектеп-кешенімен әзірленеді.

9. Мектеп-кешені мемлекеттік аттестаттау Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

10. Мектеп-кешені іздеуді, дарынды балаларға білім берудің жаңа мазмұнын әзірлеуді, оны енгізу нысандарын, құралдары мен әдістерін, эксперименталды оқу жоспарлары мен бағдарламаларын сынақтан өткізуді ұйымдастыратын шығармашылық зертхана болып табылады.

11. Мектеп-кешенінде оқушыларға (тәрбиеленушілерге) медициналық қызмет көрсету штаттық немесе денсаулық сақтау органдарының арнайы бекіткен медициналық қызметкерлерімен қамтамасыз етіледі, олар әкімшілік және педагогикалық қызметкермен қатар оқушылардың (тәрбиеленушілердің) денсаулығын, дене дамуын қамтамасыз етеді, емдеу-алдын алу іс-шараларын жүргізуге, санитарлық-гигиеналық нормалардың сақталуына, оқушылардың (тәрбиеленушілердің) тамақтану режиміне жәнсапасына жауапты.

12. Мектеп-кешеніне оқуға қабылдау конкурстық негізде жүргізіледі. Мектеп-кешені оқуға қабылдау үшін қосымша конкурстық турларды белгілейді. Білім алушыларға (тәрбиеленушілерге) іріктеу жүргізудің мазмұны мен нысаны, қабылдау, мектептен шығару, білім алушыларды (тәрбиеленушілерді) ауыстыру және мектепті бітіру тәртібі білім беру ұйымының жарғысына сәйкес жүзеге асырылады.

13. Республикалық маңыздағы мектеп-кешенің материалдық техникалық қамтамасыз етуді, жарақтауды және жабдықтауды білім беру саласындағы уәкілетті орган, облыстық, республикалық маңыздағы қаланың және астананың мектеп-кешенің материалдық техникалық қамтамасыз ету, жарақтауды және жабдықтауды білім беру саласындағы жергілікті атқарушы орган жүзеге асырады.

14. Мектеп-кешені білім беру үдерісін жалпы білім беру бағдарламаларына сәйкес білім берудің мынадай үш деңгейі бойынша жүзеге асырады:

- 1) мектепке дейінгі тәрбие және оқыту;
- 2) бастауыш білім беру;
- 3) негізгі орташа білім беру
- 4) жалпы орташа білім беру.

15. Мектеп-кешендерінде білім беру үдерісін ұйымдастыру мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің бірізділігі және үздіксіздігі негізінде жүзеге асырылады.

Мектеп-кешенінің оқу жұмыс жоспарларын білім беру ұйымдарының әкімдігі бекітеді және білім беру саласындағы жергілікті атқарушы орган келістіріледі.

16. Мамандандырылған жалпы білім беретін оқу бағдарламалары негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары негізінде әзірленеді және білім алушылардың ғылым, мәдениет, өнер, спорт негіздерін тереңмеңгеруге, олардың шығармашылық әлеуеттері мен дарын-қабілеттерін дамытуға бағытталған.

17. Мектеп-кешені оқу жоспарының вариативті бөлігі құрамына кіретін және бағыт ерекшелігін сипаттайтын оқу пәндері бойынша жұмыстың оқу жоспары мен бағдарламаларын дербес жүзеге асырады.

18. Біріктірілген білім беретін оқу бағдарламалары пәнаралық, деңгейаралық, халықаралық болуы мүмкін.

Біріктірілген білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыру үшін білім беру саласындағы ғалымдар, академиктер, шетел мамандары тартылады.

19. Мектеп-кешенінде пәндерді терең оқу үшін факультативтерге және әрбір сыныпқа 4 сағаттан есептегенде оқушылардың таңдауы бойынша қосымша курстарды ұйымдастыруға, үйірмелерді, студияларды, ғылыми қоғамдар және басқаларды ұйымдастыру үшін әрбір сыныпқа есептегенде 0,25 мөлшерлерінде, сондай-ақ мектепке жылына 1500 сағат есебінде біліктілігі жоғары мамандармен шарт негізінде өткізілетін жекелеген курстар және дәрістерге төлеу үшін қаражат бөлінеді.

Таңдау бойынша факультативтік сабақтар және курстар топта кемінде 10 адам болғанда жүргізіледі.

20. Мектеп-кешені оқу жоспарының вариативті бөлігі құрамына кіретін және бағыт ерекшелігін сипаттайтын оқу пәндері бойынша жұмыстың оқу жоспарымен бағдарламаларын дербес жүзеге асырады.

21. Мектеп-кешені оның Жарғысында белгіленген нысандар, құралдар және әдісін өздігінен таңдай алады.

22. Мектеп-кешені ішкі бейін пәндері, сондай-ақ білім алушылардың сұрауы және кадр әлеуеті мүмкіндіктеріне сәйкес қолданбалы курстар және факультативтер саласындағы білімін анықтайды.

23. Мектеп-кешенінен сыныптарды қосымша бөлу жүйесі, икемді вариативті

сабақ кестесі, деңгейлеп оқыту жүйесі, кеңес беру және таңдау бойынша пәндер арқылы жалпы орта білім беру деңгейінде бейінді саралауды жүзеге асыру толық күн жұмыс істеуді талап етеді.

24. Профильді пәндер тереңдетілген курс бағдарламалары бойынша зерттеледі және ең аз дегенде қажетті оқу уақытымен қамтамасыз етіледі. Профильді пәндерге қосымша сағаттар оқу жоспарының вариативті бөлігі есебінен бөлінеді.

25. Мектеп-кешенінің вариативті оқу жоспары тұлғаның интеллектуалдық және адамгершілік дамуын қамтамасыз ететен пәндер жиынтығы және әрбір модуль курстары есебінен, біріктірілген тәсілдерді пайдаланатын және оқу жоспарының жеке компоненті шегінде зерттеу еңбегінің дағдыларын қалыптастыратын бағдарламаларды енгізумен іске асырылады.

26. Мектеп-кешеніндегі сыныптар-топтарының саны әрбір деңгейде және сыныптарда оқитындардың саны тиісті жағдайлар бар болғанда қалыптасады.

27. Мемлекеттік және орыс тілін, ақпараттық-есептеу техника, ритмика, хореография, музыка, дене шынықтыру, технологияны зерделеу, сондай-ақ зертханалық жұмыстарды жүргізу, профильді пәндер бойынша практикалық жұмыстарды жүргізу барысында сыныптар 2-топқа бөлінеді; шет тілін және шет тілінде пәндерді оқу барысында – 3 топқа бөлінеді.

28. Оқушылардың (тәрбиеленушілердің) оқу-тәрбие қызметін тиімді ұйымдастыру үшін 10 сынып-кешеніне психологтың 1 ставка есебінен психологиялық қызмет құрылады, егер сынып-кешені көбейтілсе психологтың ставка мөлшерінің саны тиісті жылға қарастырылған жалақы қорына байланысты көбейтіледі.

29. Мектеп-кешені оның бейініне сәйкес келетін жоғары оқу орындарымен және басқа да ғылыми мекемелермен ынтымақтастықты жүзеге асырады.

30. Мектеп-кешені ақылы қосымша білім беру қызметтерін көрсетеді.

31. Ақылы білім беру қызметтерінің орнына және бюджеттен қаржыландырылатын негізгі білім беру қызметі шеңберінде көрсетілмейді.

32. Қосымша қаражаттарды тарту мемлекеттік мекеменің нормативтерін және (немесе) қаржыландырудың абсолюттік мөлшерлерін бюджеттік қаражаттар есебінен төмендетуіне әкелмейді.

33. Мектеп-кешенінің материалдық-техникалық қорын дамыту оған бекітілген бюджеттік және жеке меншік қаражаттары шегінде жүзеге асырылады.

34. Мектеп-кешенінің қызметкерлеріне еңбекақы төлеу және оларды материалдық ынталандыру Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

35. Мектеп-кешенінің педагогикалық қызметкерлеріне ғылыми дәрежесі үшін мынадай қосымша ақы:

1) ғылым кандидаты үшін бір айлық жалақының ең төменгі мөлшерінде;

2) ғылым және PhD докторлары үшін екі айлық жалақының ең төменгі мөлшерінде белгіленеді.

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ



МИНИСТЕРСТВО
ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН

БҰЙРЫҚ

2013 м. 27 қараша

Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ *472*

город Астана

«Мамандандырылған білім беру ұйымдарының түрлері қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 19 шілдедегі № 289 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігі
Нормативтік құқықтық актілерді тіркеу
департаменті

Нормативтік құқықтық акті 2013 жылғы
«*24*» *12* Нормативтік құқықтық
актілерді мемлекеттік тіркеудің тізбегіне
№ *9016* болып енгізілді

Бланк сериялық нөмірсіз жарамсыз болып табылады.
Бланк без серийного номера недействителен.

«Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 44-5) тармақшасын іске асыру мақсатында
БҰЙЫРАМЫН:

1. «Мамандандырылған білім беру ұйымдарының түрлері қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 19 шілдедегі №289 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2013 жылғы 12 тамызда №8621 тіркелген, «Егемен Қазақстан» газетінің 2013 жылғы 2 қазандағы № 224 (28163) санында жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мамандандырылған мектептер (мамандандырылған мектеп, мамандандырылған лицей (мамандандырылған мектеп-лицей), мамандандырылған гимназия (мамандандырылған мектеп-гимназия)) түрлері қызметінің үлгілік қағидаларында:

18-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«18. Саралап және жекелеп оқыту міндеттерін шешу, оқушылардың зерттеушілік қызығушылығын дамыту үшін әрбір бейіндік пән бойынша әр сыныпқа аптасына 4 сағат есебінен қаражат, оқушылардың шығармашылық және зерттеушілік қызметін дамыту бойынша жеке сабақтан тыс жұмыстар үшін әр сыныпқа 0,25 ставка бөлінеді.

Мамандандырылған білім беру ұйымдарының ерекшеліктерін ескере отырып, дарынды балалар үшін мектепке жылына 1500 сағат есебінен жоғары

004571

білікті мамандармен шарттық негізде жекелеген курстар мен дәрістерге ақы төлеу үшін қаражат бөлінеді. Ерекше дарынды оқушылармен бағдарламаларды жеделдетіп өткізуді ұйымдастырған жағдайда әр міндетті пән бойынша 0,25 ставка мөлшерінде қаражат бөлінеді.

Таңдау бойынша факультативтік сабақтар және курстар топтарда кемінде 10 адам болғанда жүргізіледі.»;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Интернаттық мекемелері (мамандандырылған мектеп-интернат, мамандандырылған мектеп-лицей-интернат, мамандандырылған мектеп-гимназия-интернат, мамандандырылған музыкалық мектеп-интернат, мамандандырылған спорттық мектеп-интернат, мамандандырылған әскери мектеп-интернат, қазақ-түрік лицейі) бар мамандандырылған білім беру ұйымдары түрлері қызметінің үлгілік қағидаларында:

22-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«22. Саралап және жекелеп оқыту міндеттерін шешу, оқушылардың зерттеушілік қызығушылығын дамыту үшін әрбір бейіндік пән бойынша әр сыныпқа аптасына 4 сағат есебінен қаражат, оқушылардың шығармашылық және зерттеушілік қызметін дамыту бойынша жеке сабақтан тыс жұмыстар үшін әр сыныпқа 0,25 ставка бөлінеді.

Мамандандырылған білім беру ұйымдарының ерекшеліктерін ескере отырып, дарынды балалар үшін мектепке жылына 1500 сағат есебінен жоғары білікті мамандармен шарттық негізде жекелеген курстар мен дәрістерге ақы төлеу үшін қаражат бөлінеді. Ерекше дарынды оқушылармен бағдарламаларды жеделдетіп өткізуді ұйымдастырған жағдайда әр міндетті пән бойынша 0,25 ставка мөлшерінде қаражат бөлінеді.

Таңдау бойынша факультативтік сабақтар және курстар топтарда кемінде 10 адам болғанда жүргізіледі.»;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мамандандырылған мектеп-кешені қызметінің үлгілік қағидаларында:

19-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«19. Саралап және жекелеп оқыту міндеттерін шешу, оқушылардың зерттеушілік қызығушылығын дамыту үшін әрбір бейіндік пән бойынша әр сыныпқа аптасына 4 сағат есебінен қаражат, оқушылардың шығармашылық және зерттеушілік қызметін дамыту бойынша жеке сабақтан тыс жұмыстар үшін әр сыныпқа 0,25 ставка бөлінеді.

Мамандандырылған білім беру ұйымдарының ерекшеліктерін ескере отырып, дарынды балалар үшін мектепке жылына 1500 сағат есебінен жоғары білікті мамандармен шарттық негізде жекелеген курстар мен дәрістерге ақы төлеу үшін қаражат бөлінеді. Ерекше дарынды оқушылармен бағдарламаларды жеделдетіп өткізуді ұйымдастырған жағдайда әр міндетті пән бойынша 0,25 ставка мөлшерінде қаражат бөлінеді.

Таңдау бойынша факультативтік сабақтар және курстар топтарда кемінде 10 адам болғанда жүргізіледі.».

2. Мектепке дейінгі және орта білім департаменті (Ж.А. Жонтаева):
- 1) осы бұйрықтың белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;
 - 2) осы бұйрықтың мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын;
 - 3) осы бұйрықтың білім беру ұйымдарының назарына жеткізілуін қамтамасыз етсін.
3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр



А. Сәрінжіпов

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ



МИНИСТЕРСТВО
ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН

БҰЙРЫҚ

2016 жылғы 15 қаңтар

Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ 30

город Астана

«Мамандандырылған білім беру ұйымдарының түрлері қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2013 жылғы 19 шілдедегі № 289 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы



Бланк сериялық нөмірсіз жарамсыз болып табылады.
Бланк без серийного номера недействителен.

«Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес келтіру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

«Мамандандырылған білім беру ұйымдарының түрлері қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2013 жылғы 19 шілдедегі № 289 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8621 болып тіркелген, «Егемен Қазақстан» газетінің 2013 жылғы 2 қазандағы № 224 (28163) санында жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мамандандырылған мектептер (мамандандырылған мектеп, мамандандырылған лицей (мамандандырылған мектеп-лицей), мамандандырылған гимназия (мамандандырылған мектеп-гимназия)) түрлері қызметінің үлгілік қағидаларында:

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Жалпы орташа білім берудің қолжетімділігін және вариативтілігін қамтамасыз ету, оқу үшін қолайлы жағдайларды жасау, дарынды балаларды олардың бейімділіктеріне, қабілеттеріне, мүдделіліктеріне байланысты тәрбиелеу және дамыту мақсатында мамандандырылған мектептердің келесі түрлері құрылады:

- 1) мамандандырылған мектеп;
- 2) мамандандырылған лицей (мамандандырылған мектеп-лицей);
- 3) мамандандырылған гимназия (мамандандырылған мектеп-гимназия).»;

13-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) екінші деңгей - негізгі орта білім беру;»;

17-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

007821

04

«17. Біріктірілген білім беру бағдарламалары пәнаралық, деңгейаралық, халықаралық болып бөлінеді. Біріктірілген білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін білім беру саласындағы ғалымдар, академиктер, шетел мамандары тартылады.»;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Интернаттық мекемелері (мамандандырылған мектеп-интернат, мамандандырылған мектеп-лицей-интернат, мамандандырылған мектеп-гимназия-интернат, мамандандырылған музыкалық мектеп-интернат, мамандандырылған спорттық мектеп-интернат, мамандандырылған әскери мектеп-интернат, қазақ-түрік лицейі) бар мамандандырылған білім беру ұйымдары түрлері қызметінің үлгілік қағидаларында:

21-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«21. Біріктірілген білім беру бағдарламалары пәнаралық, деңгейаралық, халықаралық болып бөлінеді. Біріктірілген білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін білім беру саласындағы ғалымдар, академиктер, шетел мамандары тартылады.»;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мамандандырылған мектеп-кешені қызметінің үлгілік қағидаларында:

18-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«18. Біріктірілген білім беру бағдарламалары пәнаралық, деңгейаралық, халықаралық болып бөлінеді. Біріктірілген білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін білім беру саласындағы ғалымдар, академиктер, шетел мамандары тартылады.».

2. Мектепке дейінгі және орта білім, ақпараттық технологиялар департаменті (Ж.А. Жонтаева) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде орналастыру үшін «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң департаментіне осы бұйрықтың 2-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі Е.Н. Иманғалиевке жүктелсін.



4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрі



А. Сәрінжіпов

СМ

**ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ**



**МИНИСТЕРСТВО
ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН**

БҰЙРЫҚ

2017 жылғы 27 ақпандағы № 88

ПРИКАЗ

№ 88 от 27 февраля 2017 года

**"Мамандандырылған білім беру
ұйымдарының түрлері қызметінің
үлгілік қағидаларын бекіту туралы"**

Қазақстан Республикасы

Білім және ғылым министрінің

2013 жылғы 19 шілдедегі № 289 бұйрығына

өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы

Білім және ғылым министрінің

(Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 28 наурызда № 14951 болып тіркелді)

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Мамандандырылған білім беру ұйымдарының түрлері қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" (Қазақстан Республикасының мемлекеттік нормативтік құқықтық актілер тізілімінде № 8621 тіркелген, 2013 жылдың 2 қазанындағы № 224 (28163) "Егемен Қазақстан" газетінде жарық көрген) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 19 шілдедегі № 289 бұйрығына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақтың 1) және 2) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Мамандандырылған мектеп, мамандандырылған лицей, (мамандандырылған мектеп-лицей), мамандандырылған гимназия (мамандандырылған мектеп-гимназия)) қызметінің үлгілік қағидалары;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес мамандандырылған мектеп-интернат, мамандандырылған мектеп-лицей-интернат, мамандандырылған мектеп-гимназия-интернат, мамандандырылған музыкалық мектеп-интернат, мамандандырылған спорт мектеп-интернаты (олимпиадалық резервтегі мамандандырылған мектеп-интернат-колледж), мамандандырылған хореография мектеп-интернаты (мамандандырылған хореография мектеп-интернат-училищесі), мамандандырылған әскери мектеп-интернаты, "Білім-инновация" лицей-интернатының) қызметінің үлгілік қағидалары";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мамандандырылған мектептер (мамандандырылған мектеп, мамандандырылған лицей (мамандандырылған

мектеп-лицей), мамандандырылған гимназия (мамандандырылған мектеп-гимназия) түрлері қызметінің үлгілік қағидаларындағы:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мамандандырылған мектеп, мамандандырылған лицей, (мамандандырылған мектеп-лицей), мамандандырылған гимназия (мамандандырылған мектеп-гимназия) қызметінің үлгілік қағидалары";

1, 2 және 3-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы мамандандырылған мектеп, мамандандырылған лицей, (мамандандырылған мектеп-лицей), мамандандырылған гимназия (мамандандырылған мектеп-гимназия) қызметінің үлгілік қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 5-бабының (бұдан әрі - Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңы) 44-5) тармақшасына, "Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын, оның ішінде балаларға арналған қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" (бұдан әрі – Қызметтің үлгілік қағидалары) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 20 мамырдағы № 499 қаулысына сәйкес әзірленді және олардың меншік нысандары мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан олардың қызмет тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай түсініктер қолданылады:

1) мамандандырылған гимназия (мамандандырылған мектеп-гимназия) – оқушылардың бейімділіктері мен қабілеттеріне сәйкес қоғамдық-гуманитарлық және өзге де бағыттар бойынша кеңейтілген және тереңдетілген білім беруді қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының мемлекеттік нормативті-құқықтық актілер Реестрінде № 8424 тіркелген) бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары (бұдан әрі – оқу бағдарламалары) мен олардың негізінде әзірленетін мамандандырылған жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын оқу орны;

2) мамандандырылған лицей (мамандандырылған мектеп-лицей) – оқушылардың бейімділіктерімен қабілеттеріне сәйкес жаратылыстану-математикалық бағыттары бойынша кеңейтілген және тереңдетілген білім беруді қамтамасыз ететін оқу бағдарламалары мен олардың негізінде әзірленетін мамандандырылған жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын оқу орны;

3) мамандандырылған мектеп – білім алушылардың тілдерді, ғылым, мәдениет, өнер, спорт, әскери іс негіздерін терең игеруіне, олардың шығармашылық әлеуеттері мен дарын-қабілеттерін дамытуға бағытталған оқу бағдарламалары мен олардың негізінде әзірленетін мамандандырылған жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын оқу орны.

3. Мамандандырылған мектеп, мамандандырылған лицей (мамандандырылған мектеп-лицей), мамандандырылған гимназия (мамандандырылған мектеп-гимназия) (бұдан әрі – мамандандырылған мектептер) қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, сондай-ақ осы Қағидаларға және олардың негізінде әзірленген жарғыға сәйкес жүзеге

асырады.";

6-тармақ алынып тасталсын:

2-бөлімнің тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Мамандандырылған мектеп, мамандандырылған лицей (мамандандырылған мектеп-лицей), мамандандырылған гимназия (мамандандырылған мектеп-гимназия) қызметінің тәртібі";

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Мамандандырылған мектептерге оқуға қабылдау конкурстық негізде жүргізіледі.

Мамандандырылған мектептерге жалпы білім беру пәндері бойынша өңірлік, республикалық, халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстардың (ғылыми жарыстардың) жеңімпаздары білім беру ұйымының құрылтайшы құжаттарына сәйкес қабылданады.";

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Республикалық маңыздағы мамандандырылған мектептерді материалдық техникалық қамтамасыз етуді, жарақтауды және жабдықтауды білім беру саласындағы уәкілетті орган, облыстық, республикалық маңыздағы қаланың және астананың мамандандырылған мектептерін материалдық техникалық қамтамасыз етуді, жарақтауды және жабдықтауды білім беру саласындағы жергілікті атқарушы орган жүзеге асырады. Ерекше білім алу қажеттілігі бар дарынды оқушылар үшін олардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып тиісті жағдайлар жасалады.";

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Мамандандырылған жалпы білім беретін оқу бағдарламалары оқу бағдарламалары негізінде әзірленеді және білім алушылардың тілдерді, ғылым, мәдениет, өнер, хореография, спорт, әскери іс негіздерін терең игеруіне, олардың көркем-эстетикалық, шығармашылық әлеуеттері мен дарын-қабілеттерін дамытуға бағытталған.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Интернаттық мекемелері (мамандандырылған мектеп-интернат, мамандандырылған мектеп-лицей-интернат, мамандандырылған мектеп-гимназия-интернат, мамандандырылған музыкалық мектеп-интернат, мамандандырылған спорттық мектеп-интернат, мамандандырылған әскери мектеп-интернат, қазақ-түрік лицейі) бар мамандандырылған білім беру ұйымдары түрлері қызметінің үлгілік қағидаларында:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

Мамандандырылған мектеп-интернат, мамандандырылған мектеп-лицей-интернат, мамандандырылған мектеп-гимназия-интернат, мамандандырылған музыкалық мектеп-интернат, мамандандырылған спорт мектеп-интернаты (олимпиадалық резервтегі мамандандырылған мектеп-интернат-колледж), мамандандырылған хореография мектеп-интернаты (мамандандырылған хореография мектеп-интернат-училищесі), мамандандырылған әскери мектеп-интернаты, "Білім-инновация" лицей-интернаты қызметінің үлгілік қағидалары";

1, 2, 3 және 4-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы мамандандырылған мектеп-интернат, мамандандырылған мектеп-лицей-интернат, мамандандырылған мектеп-гимназия-интернат, мамандандырылған музыкалық мектеп-интернат, мамандандырылған спорт мектеп-интернаты (олимпиадалық резервтегі мамандандырылған мектеп-интернат-колледж),

мамандандырылған хореография мектеп-интернаты (мамандандырылған хореография мектеп-интернат-училищесі), мамандандырылған әскери мектеп-интернаты, "Білім-инновация" лицей-интернаты қызметінің үлгілік қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңының (бұдан әрі - "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңы) 5-бабының [44-5\) тармақшасына](#), "Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын, оның ішінде балаларға арналған қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" (бұдан әрі – Қызметтің үлгілік қағидалары) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 20 мамырдағы № 499 [қаулысына](#) сәйкес әзірленді және олардың меншік нысандары мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан олардың қызмет тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай түсініктер қолданылады:

1) "Білім-инновация" лицей-интернаты – жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндерді ағылшын тілінде оқытуды жүзеге асыратын (тұратын орын ұсынумен қоса) және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 [бұйрығымен](#) бекітілген (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінде № 8424 тіркелген) бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары (бұдан әрі – оқу бағдарламалары) мен олардың негізінде әзірленетін мамандандырылған жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын оқу орны;

2) мамандандырылған әскери мектеп-интернаты – тұратын орын ұсынумен қоса, оқушылардың әскери істі терең игеруіне бағытталған қосымша білім бағдарламаларын оқу бағдарламалары мен олардың негізінде әзірленетін мамандандырылған жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын оқу орны;

3) мамандандырылған мектеп-гимназия-интернаты - тұратын орын ұсынумен білім алушылардың бейімділіктері мен қабілеттеріне сәйкес қоғамдық-гуманитарлық және өзге де бағыттар бойынша кеңейтілген және тереңдетілген білім беруді қамтамасыз ететін оқу бағдарламалары мен олардың негізінде әзірленетін мамандандырылған жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын оқу орны;

4) мамандандырылған мектеп-интернаты - тұратын орын ұсынумен қоса білім алушылардың тілдерді, ғылым, мәдениет, өнер, хореография, спорт, әскери іс негіздерін терең игеруіне, олардың көркем-эстетикалық, шығармашылық әлеуеттері мен дарын-қабілеттерін дамытуға бағытталған оқу бағдарламалары мен олардың негізінде әзірленетін мамандандырылған жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын оқу орны;

5) мамандандырылған мектеп-лицей-интернат – тұратын орын ұсынумен білім алушылардың бейімділіктері мен қабілеттеріне сәйкес жаратылыстану-математикалық бағыттары бойынша кеңейтілген және тереңдетілген білім беруді қамтамасыз ететін оқу бағдарламалары мен олардың негізінде әзірленетін мамандандырылған жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын оқу орны;

6) мамандандырылған музыкалық мектеп-интернаты – тұратын орын ұсынумен

қоса музыкалық дарынды балалардың музыкалық қабілеттерін дамытуға бағытталған қосымша оқу бағдарламаларын және оқу бағдарламалары мен олардың негізінде әзірленетін мамандандырылған жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын оқу орны;

7) мамандандырылған спорттық мектеп-интернаты (олимпиадалық резервтегі мамандандырылған мектеп-интернат-колледж) – тұратын орын ұсынумен қоса спорт саласындағы оқушылардың дарындылығын дамытуға бағытталған қосымша оқу бағдарламаларын және оқу бағдарламалары мен олардың негізінде әзірленетін мамандандырылған жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын оқу орны;

8) мамандандырылған хореография мектеп-интернаты (мамандандырылған хореография мектеп-интернат-училищесі) - тұратын орын ұсынумен қоса, хореография саласындағы оқушылардың дарындылығын дамытуға бағытталған қосымша оқу бағдарламаларын және оқу бағдарламалары мен олардың негізінде әзірленетін мамандандырылған жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын оқу орны.

3. Мамандандырылған мектеп-интернат, мамандандырылған мектеп-лицей-интернат, мамандандырылған мектеп-гимназия-интернат, мамандандырылған музыкалық мектеп-интернат, мамандандырылған спорт мектеп-интернаты (олимпиадалық резервтегі мамандандырылған мектеп-интернат-колледж), мамандандырылған хореография мектеп-интернаты (мамандандырылған хореография мектеп-интернат-училищесі), мамандандырылған әскери мектеп-интернаты, "Білім-инновация" лицей-интернаты (бұдан әрі – Мектеп-интернаттар) қызметін Қазақстан Республикасы [Конституциясына](#), "Білім туралы" Қазақстан Республикасының [Заңына](#), сондай-ақ осы Қағидаларға және олардың негізінде әзірленген мектеп-интернаттың жарғысына сәйкес жүзеге асырады.

4. Мектеп-интернаттың негізгі мақсаты – дарынды балалардың тілдерді, ғылым, мәдениет, өнер, хореография, спорт, әскери іс негіздерін терең игеруіне, олардың көркем-эстетикалық, шығармашылық әлеуеттері мен дарын-қабілеттерін дамытуға бағытталған, элитарлық білім беруді қамтамасыз ететін, оқу бағдарламалары мен олардың негізінде әзірленетін мамандандырылған жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыру.";

[8-тармақ](#) алынып тасталсын;

[2-бөлімнің](#) тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Мамандандырылған мектеп-интернат, мамандандырылған мектеп-лицей-интернат, мамандандырылған мектеп-гимназия-интернат, мамандандырылған музыкалық мектеп-интернат, мамандандырылған спорт мектеп-интернаты (олимпиадалық резервтегі мамандандырылған мектеп-интернат-колледж), мамандандырылған хореография мектеп-интернаты (мамандандырылған хореография мектеп-интернат-училищесі), мамандандырылған әскери мектеп-интернаты, "Білім-инновация" лицей-интернаты қызметінің тәртібі";

[13](#) және [14-тармақтар](#) мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Мектеп-интернатта келесі бағыттар болады: жаратылыстану-математикалық, қоғамдық-гуманитарлық, экономикалық, технологиялық, музыкалық, хореографиялық, көркем-эстетикалық, әскери, спорттық.

14. Мектеп-интернатқа оқуға қабылдау конкурстық негізде жүзеге асырылады.

Мектеп-интернатқа жалпы білім беру пәндері бойынша, халықаралық республикалық, өңірлік олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстардың (ғылыми жарыстардың) жеңімпаздары білім беру ұйымының құрылтайшы құжаттарына сәйкес қабылданады.";

16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"16. Республикалық маңыздағы Мектеп-интернатты материалдық техникалық қамтамасыз етуді, жарақтауды және жабдықтауды білім беру саласындағы уәкілетті орган, облыстық, республикалық маңыздағы қаланың және астананың Мектеп-интернатын материалдық техникалық қамтамасыз етуді, жарақтауды және жабдықтауды білім беру саласындағы жергілікті атқарушы орган жүзеге асырады. Ерекше білім алу қажеттілігі бар дарынды оқушылар үшін олардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып тиісті жағдайлар жасалады.";

19-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"19. Мамандандырылған жалпы білім беретін оқу бағдарламалары оқу бағдарламалары негізінде әзірленеді және білім алушылардың тілдерді, ғылым, мәдениет, өнер, хореография, спорт, әскери іс негіздерін терең игеруіне, олардың көркем-эстетикалық, шығармашылық әлеуеттері мен дарын-қабілеттерін дамытуға бағытталған.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мамандандырылған мектеп-кешені қызметінің үлгілік қағидаларында:

1, 2 және 3 тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы мамандандырылған мектеп-кешені қызметінің үлгілік қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңының (бұдан әрі - "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңы) 5-бабының 44-5) тармақшасына, "Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын, оның ішінде балаларға арналған қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" (бұдан әрі – Қызметтің үлгілік қағидалары) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 20 мамырдағы № 499 қаулысына сәйкес әзірленді және оның меншік нысандары мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан оның қызмет тәртібін айқындайды.

2. Мамандандырылған мектеп-кешені (бұдан әрі – Мектеп-кешені) - білім алушылардың тілдерді, ғылым, мәдениет, өнер, хореография, спорт, әскери іс негіздерін терең игеруіне, олардың көркем-эстетикалық, шығармашылық әлеуеттері мен дарын-қабілеттерін дамытуға бағытталған мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінде № 8424 тіркелген) бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары (бұдан әрі - оқу бағдарламалары) мен олардың негізінде әзірленетін мамандандырылған жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын оқу орны.

3. Мектеп-кешені өзінің қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңына, сондай-ақ осы Қағидаларға және олардың негізінде әзірленген жарғыға сәйкес жүзеге асырады.";

13 және 14-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Республикалық маңыздағы мектеп-кешенін материалдық техникалық қамтамасыз етуді, жарактауды және жабдықтауды білім беру саласындағы уәкілетті орган, облыстық, республикалық маңыздағы қаланың және астананың мектеп-кешенін материалдық техникалық қамтамасыз ету, жарактауды және жабдықтауды білім беру саласындағы жергілікті атқарушы орган жүзеге асырады. Ерекше білім алу қажеттілігі бар дарынды оқушылар үшін олардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып тиісті жағдайлар жасалады.

14. Мектеп-кешені білім беру үдерісін оқу бағдарламаларына сәйкес білім берудің мынадай үш деңгейі бойынша жүзеге асырады:

- 1) мектепке дейінгі тәрбие және оқыту;
- 2) бастауыш білім беру;
- 3) негізгі орташа білім беру;
- 4) жалпы орташа білім беру."

16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"16. Мамандандырылған жалпы білім беретін оқу бағдарламалары мектепке дейінгі тәрбиелеу және білім беру оқу бағдарламалары, оқу бағдарламалары негізінде әзірленеді және білім алушылардың тілдерді, ғылым, мәдениет, өнер, хореография, спорт, әскери іс негіздерін терең игеруіне, олардың көркем-эстетикалық, шығармашылық әлеуеттері мен дарын-қабілеттерін дамытуға бағытталады."

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Мектепке дейінгі және орта білім департаменті (Ж.А. Жонтаева) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде осы бұйрықтың көшірмесін мерзімді баспа басылымдарында, сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жолдауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң қызметі және халықаралық ынтымақтастық департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі Э.А. Суханбердиеваға жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ



МИНИСТЕРСТВО
ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2018 ш. 6 тауысқа № 256

Астана қ.

г. Астана

«Мамандандырылған білім беру ұйымдарының желісін және дарынды балалармен жұмыс жөніндегі оқу-әдістемелік кеңес туралы ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 1 шілдедегі № 428 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Мамандандырылған білім беру ұйымдарының желісін кеңейту мақсатында
БҰЙЫРАМЫН:

1. «Мамандандырылған білім беру ұйымдарының желісін және дарынды балалармен жұмыс жөніндегі оқу-әдістемелік кеңес туралы ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 1 шілдедегі № 428 бұйрығына мынадай өзгерістер енгізілсін:

Инварианттық компонент							
I	Тіл және әдебиет	10	11	11	11	43	1452
1	Сауат ашу	6	-	-	-	6	198
2	Қазақ тілі	-	4	4	4	12	408
3	Әдебиеттік оқу	-	3	3	3	9	306
4	Орыс тілі (Я2)	2	2	2	2	8	270
5	Ағылшын тілі	2	2	2	2	8	270
II	Математика және информатика	4	4	6	6	20	676
6	Математика	4	4	5	5	18	608
7	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	-	-	1	1	2	68
III	Жаратылыстану	1	1	2	2	6	203
8	Жаратылыстану	1	1	2	2	6	203
IV	Адам және қоғам	2	2	2	2	8	270
9	Дүниетану	1	1	1	1	4	135
10	Өзін-өзі тану	1	1	1	1	4	135
V	Технология және өнер	2	2	2	2	8	270
11	Музыка	1	1	1	1	4	135
12	Көркем еңбек	1	1	1	1	4	135
VI	Дене шынықтыру	3	3	3	3	12	405
13	Дене шынықтыру	3	3	3	3	12	405
Инварианттық оқу жүктемесі		22	23	26	26	97	3276
Вариативтік компонент							
Таңдауы бойынша сабақтар		-	1	1	1	3	102
Белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар		2	1	2	2	7	236
Вариативтік оқу жүктемесі		2	2	3	3	10	338
Оқу жүктемесінің жоғарғы шекті көлемі		24	25	29	29	107	3614

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
«7» тамыздағы № 393 бұйрығына
2-қосымша

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2013 жылғы 7 қарашадағы
№ 450 бұйрығына 16-қосымша

Оқыту орыс тілінде жүргізілетін мамандандырылған білім беру ұйымдарына арналған бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспары (жаңартылған мазмұн)

№	Білім салалары және оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағат саны				Жалпы жүктеме, сағат	
		1	2	3	4	апталық	жылдық
Инварианттық компонент							
I	Тіл және әдебиет	10	12	12	13	47	1588
1	Сауат ашу	6	-	-	-	6	198
2	Орыс тілі	-	4	4	4	12	408
3	Әдебиеттік оқу	-	3	3	3	9	306
4	Қазақ тілі (Т2)	2	3	3	4	12	406
5	Ағылшын тілі	2	2	2	2	8	270
II	Математика және информатика	4	4	6	6	20	676
6	Математика	4	4	5	5	18	608
7	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	-	-	1	1	2	68
III	Жаратылыстану	1	1	2	2	6	203
8	Жаратылыстану	1	1	2	2	6	203
IV	Адам және қоғам	2	2	2	2	8	270
9	Дүниетану	1	1	1	1	4	135
10	Өзін-өзі тану	1	1	1	1	4	135
V	Технология және өнер	2	2	2	2	8	270
11	Көркем еңбек	1	1	1	1	4	135
12	Музыка	1	1	1	1	4	135
VI	Дене шынықтыру	3	3	3	3	12	405
13	Дене шынықтыру	3	3	3	3	12	405
Инварианттық оқу жүктемесі		22	24	27	28	101	3412
Вариативтік компонент							
Таңдауы бойынша сабақтар		-	-	-	-	-	-
Белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар		2	1	2	1	6	202
Вариативтік оқу жүктемесі		2	1	2	1	6	202
Оқу жүктемесінің жоғарғы шекті көлемі		24	25	29	29	107	3614

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2017 жылғы «7» тамыздағы
№ 393 бұйрығына 3-қосымша

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2013 жылғы 7 қарашадағы
№ 450 бұйрығына 17-қосымша

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін мамандандырылған білім беру ұйымдарына арналған негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспары (жаңартылған мазмұн)

№	Білім салалары және оқыту пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағат саны					Жалпы жүктеме, сағат	
		5	6	7	8	9	Апталық	Жылдық
Инварианттық компонент								
I	Тіл және әдебиет	11	11	11	11	11	55	1870
1	Қазақ тілі	3	3	3	2	2	13	442
2	Қазақ әдебиеті	2	2	2	3	3	12	408
3	Орыс тілі	2	2	2	2	2	10	340
4	Орыс әдебиеті	1	1	1	1	1	5	170
5	Ағылшын тілі	3	3	3	3	3	15	510
II	Математика және информатика	7	7	6	6	6	30	1020
6	Математика	6	6	-	-	-	10	340
7	Алгебра	-	-	3	3	3	9	306
8	Геометрия	-	-	2	2	2	6	204
9	Информатика	1	1	1	1	1	5	170
III	Жаратылыстану	2	2	7	9	9	29	986
10	Жаратылыстану	2	2	-	-	-	4	136
11	Физика	-	-	2	3	3	8	272
12	Химия	-	-	1	2	2	5	170
13	Биология	-	-	2	2	2	6	204
14	География	-	-	2	2	2	6	204
IV	Адам және қоғам	4	4	4	4	5	21	714
15	Қазақстан тарих	2	2	2	2	2	10	340
16	Дүниежүзі тарихы	1	1	1	1	1	5	170
17	Құқық негіздері	-	-	-	-	1	1	34
18	Өзін-өзі тану	1	1	1	1	1	5	170
V	Технология және өнер	3	3	1	1	1	9	306
19	Музыка	1	1	-	-	-	2	68
20	Көркем еңбек	2	2	1	1	1	7	238
VI	Дене шынықтыру	3	3	3	3	3	15	510
21	Дене шынықтыру	3	3	3	3	3	15	510
Инварианттық оқу жүктемесі		30	30	32	34	35	161	5474
Вариативтік компонент								
Элективті курстар		2	2	1	1	2	8	272
Жеке және топтық жұмыстар		1	1	1	1	1	5	170
Вариативті оқу жүктемесі		3	3	2	2	3	13	442
Оқу жүктемесінің жоғарғы шекті көлемі		33	33	34	36	38	174	5916

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2017 жылғы «7» тамыздағы
№ 393 бұйрығына 4-қосымша

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2013 жылғы 7 қарашадағы
№ 450 бұйрығына 18-қосымша

Оқыту орыс тілінде жүргізілетін мамандандырылған білім беру ұйымдарына арналған негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспары (жаңартылған мазмұн)

№	Білім салалары және оқыту пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағат саны					Жалпы жүктеме, сағат	
		5	6	7	8	9	Апталық	Жылдық
Инварианттық компонент								
I	Тіл және әдебиет	13	13	13	13	13	65	2210
1	Орыс тілі	3	3	3	2	2	13	442
2	Орыс әдебиеті	2	2	2	2	2	10	340
3	Қазақ тілі	4	4	4	4	4	20	680
4	Қазақ әдетіеті	1	1	1	1	2	6	204
5	Ағылшын тілі	3	3	3	3	3	15	510
II	Математика және информатика	7	7	6	6	6	32	1088
6	Математика	6	6	-	-	-	12	408
7	Алгебра	-	-	3	3	3	9	306
8	Геометрия	-	-	2	2	2	6	204
9	Информатика	1	1	1	1	1	5	170
III	Жаратылыстану	2	2	7	9	9	29	986
10	жаратылыстану	2	2	-	-	-	4	136
11	Физика	-	-	2	3	3	8	272
12	Химия	-	-	1	2	2	5	170
13	Биология	-	-	2	2	2	6	204
14	География	-	-	2	2	2	6	204
IV	Адам және қоғам	4	4	4	4	5	21	714
15	Қазақстан тарихы	2	2	2	2	2	10	340
16	Дүниежүзі тарихы	1	1	1	1	1	5	170
17	Құқық негіздері	-	-	-	-	1	1	34
18	Өзін-өзі тану	1	1	1	1	1	5	170
V	Технология және өнер	3	3	1	1	1	9	306
19	Музыка	1	1	-	-	-	2	68
20	Қөркем еңбек	2	2	1	1	1	7	238
VI	Дене шынықтыру	3	3	3	3	3	15	510
21	Дене шынықтыру	3	3	3	3	3	15	510
Инварианттық оқу жүктемесі		32	32	34	36	37	171	5814
Вариативтік компонент								
Элективті курстары		-	-	-	-	-	-	-
Жеке және топтық жұмыстар		1	1	-	-	1	3	102
Вариативті оқу жүктемесі		1	1	-	-	1	3	102
Оқу жүктемесінің жоғарғы шекті көлемі		33	33	34	36	38	174	5916

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2017 жылғы «7» тамыздағы
№ 393 бұйрығына 5-қосымша

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2013 жылғы 7 қарашадағы
№ 450 бұйрығына 19-қосымша

Үш тілде оқытатын мамандандырылған білім беру ұйымдарына арналған негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспары (оқыту қазақ тілінде жүргізілетін мектептер үшін)
(жаңартылған мазмұн)

№	Білім салалары және оқу пәндері	Жүктеме, сағат					Оқыту тілі
		7	8	9	Апталық	Жылдық	
I	Тіл және әдебиет	11	11	11	33	1122	
1	Қазақ тілі	3	3	2	8	272	қазақша
2	Қазақ әдебиеті	2	2	3	7	238	қазақша
3	Орыс тілі	2	2	2	6	204	орысша
4	Орыс әдебиеті	1	1	1	3	102	орысша
5	Ағылшын тілі	3	3	3	9	306	ағылшынша
II	Математика және информатика	6	6	6	18	612	
6	Математика	-	-	-	-	-	ағылшынша/қазақша
7	Алгебра	3	3	3	9	306	ағылшынша/қазақша
8	Геометрия	2	2	2	6	204	ағылшынша/қазақша
9	Информатика	1	1	1	3	102	ағылшынша/қазақша
III	Жаратылыстану	7	9	9	25	850	
10	Жаратылыстану	-	-	-	-	-	ағылшынша/қазақша
11	Физика	2	3	3	8	272	ағылшынша/қазақша
12	Химия	1	2	2	5	170	ағылшынша/қазақша
13	Биология	2	2	2	6	204	ағылшынша/қазақша
14	География	2	2	2	6	204	ағылшынша/қазақша
IV	Адам және қоғам	4	4	5	13	442	
15	Қазақстан тарихы	2	2	2	6	204	қазақша
16	Дүниежүзі тарихы	1	1	1	3	102	
17	Құқық негіздері	-	-	1	1	34	қазақша
18	Өзін-өзі тану	1	1	1	3	102	қазақша
V	Технология және өнер	1	1	1	3	102	
19	Музыка	-	-	-	-	-	
20	Көркем еңбек	1	1	1	3	102	
VII	Дене шынықтыру	3	3	3	9	306	
21	Дене шынықтыру	3	3	3	9	306	қазақша
Инварианттық оқу жүктемесі		32	34	35	101	3434	
Вариативтік компонент							
Элективті курстар		1	1	2	4	136	
Жеке және топтық жұмыстар		1	1	1	3	102	
Вариативті оқу жүктемесі		2	2	3	7	238	
Оқу жүктемесінің жоғарғы шекті көлемі		34	36	38	108	3672	

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2017 жылғы «7» тамыздағы
№ 393 бұйрығына 6-қосымша

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2013 жылғы 7 қарашадағы
№ 450 бұйрығына 20-қосымша

Үш тілде оқытатын мамандандырылған білім беру ұйымдарына арналған негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспары (оқыту орыс тілінде жүргізілетін мектептер үшін)
(жаңартылған мазмұн)

№	Білім салалары және оқу пәндері	Жүктеме, сағат					Оқыту тілі
		7	8	9	Апталық	Жылдық	
I	Тіл және әдебиет	13	12	13	38	1292	
1	Орыс тілі	3	2	2	7	238	орысша
2	Орыс әдебиеті	2	2	2	6	204	орысша
3	Қазақ тілі	4	4	4	12	408	қазақша
4	Қазақ әдебиеті	1	1	2	4	136	қазақша
5	Ағылшын тілі	3	3	3	9	306	ағылшынша
II	Математика және информатика	6	6	6	18	612	
6	Математика	-	-	-	-	-	ағылшынша/ орысша
7	Алгебра	3	3	3	9	306	ағылшынша/ орысша
8	Геометрия	2	2	2	6	204	ағылшынша/ орысша
9	Информатика	1	1	1	3	102	ағылшынша/ орысша
III	Жаратылыстану	7	9	9	25	850	
10	Жаратылыстану	-	-	-	-	-	ағылшынша/ орысша
11	Физика	2	3	3	8	272	ағылшынша/ орысша
12	Химия	1	2	2	5	170	ағылшынша/ орысша
13	Биология	2	2	2	6	204	ағылшынша/ орысша
14	География	2	2	2	6	204	ағылшынша/ орысша
IV	Адам және қоғам	4	4	5	13	442	
15	Қазақстан тарихы	2	2	2	6	204	орысша
16	Дүниежүзі тарихы	1	1	1	3	102	
17	Құқық негіздері	-	-	1	1	34	орысша
18	Өзін-өзі тану	1	1	1	3	102	орысша
V	Технология және өнер	1	1	1	3	102	
19	Музыка	-	-	-	-	-	
20	Көркем еңбек	1	1	1	3	102	
VI	Дене шынықтыру	3	3	3	9	306	
21	Дене шынықтыру	3	3	3	9	306	орысша
Инварианттық оқу жүктемесі		34	35	37	106	3604	
Вариативтік компонент							
Элективті курстар			1	1	2	68	
Жеке және топтық жұмыстар		-	-	-	-	-	
Вариативті оқу жүктемесі			1	1	2	68	
Оқу жүктемесінің жоғарғы шекті көлемі		34	36	38	108	3672	

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2017 жылғы «__» _____
№__ бұйрығына
21-қосымша

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2013 жылғы 7 қарашадағы
№ 450 бұйрығына 7-қосымша

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін мамандандырылған музыкалық мектеп-интернаттардың
бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспары
(жаңартылған мазмұн)

№	Білім салалары және оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағат саны												Жүктеме, сағат	
		1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	Апталық	Жылдық
Инварианттық компонент															
I	Тіл және әдебиет	10	11	12	12	11	11	11	10	10	9	9	4	120	4070
1	Сауат ашу	6	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	6	198
2	Қазақ тілі	-	3	3	3	3	3	3	2	2	2	2	1	27	918
3	Әдебиеттік оқу	-	3	3	3	-	-	-	-	-	-	-	-	9	306
4	Қазақ әдебиеті	-	-	-	-	2	2	2	2	2	2	2	-	14	476
5	Орыс тілі	2	2	3	3	2	2	2	2	2	1	1	1	23	780
6	Орыс әдебиеті	-	-	-	-	1	1	1	1	1	1	1	-	7	238
7	Ағылшын тілі	2	3	3	3	3	3	3	3	3	3	3	2	34	1154
II	Математика және информатика	4	4	6	6	6	6	5	4	4	3	4	-	52	1764
8	Математика	4	4	5	5	5	5	4	3	3	2	3	-	43	1458
	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	-	-	1	1	-	-	-	-	-	-	-	-	2	68
9	Информатика	-	-	-	-	1	1	1	1	1	1	1	-	7	238
III	Жаратылыстану	1	1	1	1	2	2	7	8	7	4	4	-	38	1291

10	Жаратылыстану	1	1	1	1	2	2	-	-	-	-	-	-	8	271
11	Физика	-	-	-	-	-	-	2	2	2	1	1	-	8	272
12	Химия	-	-	-	-	-	-	1	2	2	1	1	-	7	238
13	Биология	-	-	-	-	-	-	2	2	2	1	1	-	8	272
14	География	-	-	-	-	-	-	2	2	1	1	1	-	7	238
IV	Адам және қоғам	2	2	2	2	4	4	4	4	5	5	3	4	41	1392
	Қазақстан тарихы	-	-	-	-	2	2	2	2	2	2	1	3	16	544
15	Дүниежүзі тарихы	-	-	-	-	1	1	1	1	1	1	1	-	7	238
17	Құқық негіздері	-	-	-	-	-	-	-	-	1	1	-	1	3	102
18	Дүниетану	1	1	1	1	-	-	-	-	-	-	-	-	4	135
19	Өзін-өзі тану	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	-	11	373
V	Технология және өнер	2	2	2	2	1	1	1	-	-	-	-	-	11	372
20	Көркем еңбек	1	1	1	1	-	-	-	-	-	-	-	-	4	135
21	Музыка	1	1	1	1	1	1	1	-	-	-	-	-	7	237
VI	Дене шынықтыру	3	3	3	3	3	3	3	3	3	3	3	2	35	1187
22	Дене шынықтыру	3	3	3	3	3	3	3	3	3	2	2	2	33	1119
23	Алғашқы әскери дайындық	-	-	-	-	-	-	-	-	-	1	1	-	2	68
Инварианттық оқу жүктемесі		22	23	26	26	27	27	31	29	29	24	23	10	297	10076
Вариантивті компонент															
Элективті курстар		-	-	-	-	-	-	-	-	1	2	2	2	7	238
Жеке және топтық сабақтар		2	2	3	3	4	5	3	5	5	4	4	4	44	1494
Вариантивтік оқу жүктемесі		2	2	3	3	4	5	3	5	6	6	6	6	51	1732
Барлығы		24	25	29	29	31	32	34	34	35	30	29	16	348	11 808

	технологиялар														
10	Информатика	-	-	-	-	1	1	1	1	1	1	1	-	7	238
III	Жаратылыстану	1	1	1	1	2	2	7	8	7	4	4	-	38	1291
11	Жаратылыстану	1	1	1	1	2	2	-	-	-	-	-	-	8	271
12	Физика	-	-	-	-	-	-	2	2	2	1	1	-	8	272
13	Химия	-	-	-	-	-	-	1	2	2	1	1	-	7	238
14	Биология	-	-	-	-	-	-	2	2	2	1	1	-	8	272
15	География	-	-	-	-	-	-	2	2	1	1	1	-	7	238
IV	Адам және қоғам	2	2	2	2	4	4	4	4	5	5	3	4	41	1392
16	Қазақстан тарихы	-	-	-	-	2	2	2	2	2	2	1	3	16	544
17	Дүниежүзі тарихы	-	-	-	-	1	1	1	1	1	1	1	-	7	238
18	Құқық негіздері	-	-	-	-	-	-	-	-	1	1	-	1	3	102
19	Дүниетану	1	1	1	1	-	-	-	-	-	-	-	-	4	135
20	Өзін-өзі тану	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	-	11	373
V	Технология және өнер	2	2	2	2	1	1	1	-	-	-	-	-	11	372
21	Көркем еңбек	1	1	1	1	-	-	-	-	-	-	-	-	4	135
22	Музыка	1	1	1	1	1	1	1	-	-	-	-	-	7	237
VI	Дене шынықтыру	3	3	3	3	3	3	3	3	3	3	3	2	35	1187
23	Дене шынықтыру	3	3	3	3	3	3	3	3	3	2	2	2	33	1119
24	Алғашқы әскери дайындық	-	-	-	-	-	-	-	-	-	1	1	-	2	68
Инварианттық оқу жүктемесі		22	23	26	26	28	28	32	30	30	25	24	10	304	10314
Вариативтік компонент															
Элективті курстар		-	-	-	-	-	-	-	-	1	2	2	2	7	238
Жеке және топтық сабақтар		2	2	3	3	4	4	2	5	5	3	3	4	40	1358
Вариативтік оқу жүктемесі		2	2	3	3	4	4	2	5	6	5	5	6	47	1596
Оқу жүктемесінің жоғарғы шекті көлемі		24	25	29	29	32	32	34	35	36	30	29	16	351	11910

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ



МИНИСТЕРСТВО
ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2008 ат. 2 қауып № 544

Астана қ.

г. Астана

**«Үздік авторлық бағдарлама» атты
республикалық конкурсты өткізу туралы**

Кәсіби-педагогикалық білім берудің маңыздылығын күшейту және неғұрлым талантты, шығармашыл педагогтерді табу мақсатында
БҰЙЫРАМЫН:

1. «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы (Т.Р. Битуова) жыл сайын қазан айында «Үздік авторлық бағдарлама» атты республикалық конкурсты өткізсін.

2. Қоса беріліп отырған:

1) «Үздік авторлық бағдарлама» атты республикалық конкурсты өткізу ережесі;

2) «Үздік авторлық бағдарлама» атты республикалық конкурсты ұйымдастыру және өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілсін.

3. Орта білім департаменті (М.Т. Санатова) осы бұйрықты орындау үшін облыстық, Астана және Алматы қалалық білім басқармалары бастықтарының назарына жеткізсін.

4. Облыстық, Астана және Алматы қалалары білім басқармалары дарынды балаларға арналған білім беру ұйымдары педагогтерінің «Үздік авторлық бағдарлама» атты республикалық конкурсқа қатысуын қамтамасыз етсін. Іссапар шығыстары жіберуші жақтың есебінен төленеді.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Орта білім департаментінің директоры М.Т. Санатоваға жүктелсін.

Министр
міндетін атқарушы



К. Шәмшидинова

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ



МИНИСТЕРСТВО
ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2016 жылғы 10 қазан № 602

Астана қ.

г. Астана

«Үздік авторлық бағдарлама» республикалық конкурсын өткізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2008 жылғы 2 қазандағы № 544 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

БҰЙЫРАМЫН:

1. «Үздік авторлық бағдарлама» республикалық конкурсын өткізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 2 қазандағы № 544 бұйрығына мынадай өзгерістер енгізілсін:

«Үздік авторлық бағдарлама» республикалық конкурсының ережесі осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2-тармақтың 2) тармақшасы алынып тасталсын.

2. «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталық (Ш.А. Қирабаева) «Үздік авторлық бағдарлама» республикалық конкурсын (бұдан әрі – Конкурс) 2016 жылы өткізсін.


3. Мектепке дейінгі және орта білім департаменті (Ж.А. Жонтаева) осы бұйрықты орындау және жұмыста басшылыққа алу үшін облыстардың, Астана және Алматы қалалары білім басқармаларының назарына жеткізсін.

4. Облыстардың, Астана және Алматы қалалары білім басқармаларының басшылары республиканың білім беру ұйымдарының педагогтерінің Конкурс қатысуын қамтамасыз етсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі Э.А. Суханбердиеваға жүктелсін.

6. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Министр



Е. Сағадиев

00

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым
министрінің
2016 жылғы «10» қазан
№ 602 бұйрығы

«Үздік авторлық бағдарлама» республикалық конкурсын өткізу ережесі.

Жалпы ережелер

1. «Үздік авторлық бағдарлама» республикалық конкурсын (бұдан әрі - конкурс) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы (бұдан әрі – «Дарын» РҒПО) өткізеді.

2. Конкурс білім беру мазмұнын жаңарту мен жетілдіруге және насихаттауға арналған.

Конкурстың мақсаты мен міндеттері

3. Конкурстың мақсаты пәндер бойынша таңдау курстарын, арнайы курстар, элективті курстар, оқу пәндерінің авторлық бағдарламаларын құрастыратын үздік мұғалімдердің алдыңғы қатарлы авторық тәжірибесін анықтау және тарату болып табылады.

4. Конкурстың міндеттері:

- зерттеуші-педагогтың шығармашылық әлеуетін анықтау және қолдау
- оқыту практикасында өзінің жеке әзірлемелерін қолдануға мүмкіндік туғызу;
- алдыңғы қатарлы педагогикалық тәжірибені тарату;
- шығармашылық қызметтің нәтижелерімен, педагогикалық идеяларымен және жобаларымен бөлісу.

Конкурсқа қатысушылар

5. Конкурсқа педагогикалық өтілі 5 жылдан кем емес білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері, республикалық мектептер, халықаралық мектептер, «НЗМ» АҚ, бала-бақша тәрбиешілері, оқу-әдістемелік орталықтарының, қосымша білім беру орталықтарының әдіскерлері қатыса алады. **Командалық жобалар қарастырылмайды. Алдыңғы жылдары қорғалған жобалар конкурсқа жіберілмейді.**

6. Сайыскерлерді республикалық конкурсқа:

- мектептің педагогикалық ұжымы (мамандандырылған білім беру ұйымдарының);
- облыстық білім басқармалары, "Дарын" аймақтық ғылыми-практикалық орталықтары, облыстық оқу-әдістемелік орталықтары, "НЗМ" ААҚ басқармасы ұсына алады.

Конкурстың мазмұны мен өткізу нысандары

7. Конкурса авторлық бағдарламалар ұсынылады: элективті курстар, қолданбалы курстар, таңдау бойынша курстар, арнайы курстар.

8. Авторлық бағдарламаның элементтері:

- титул парағы;
- рецензия (кемінде 3 рецензия (ғылыми қызметкердің, практик-мұғалімнің));
- түсіндірме жазба;
- оқу-тақырыптық жоспар;
- авторлық бағдарламаның мазмұны;
- авторлық бағдарлама;
- әдістемелік сүйемелдеу.

Титул парағында:

- заңды құжатына сай білім беру ұйымының атауы;
- тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын куәландыратын құжатқа сәйкес), бағдарлама авторының қызметі;
- авторлық бағдарламаның атауы;
- авторлық бағдарламаны әзірленген жылы.

Бағдарламаның түсіндірме жазбасы:

- бағыты;
- өзектілігі, жаңалығы, педагогикалық мақсаттылығы;
- мақсаты мен міндеті;
- ерекшелігі;
- күтілетін нәтижелері және оларды тексеру әдістері.

Авторлық бағдарламаның мазмұны:

Авторлық бағдарламаның мазмұны: оқу-тақырыптық жоспар, бөлімдердің тізілімі, тақырыптар; теориялық және тәжірибелік сабақтарға бөлінген әрбір тақырыпқа арналған сағаттар саны.

Авторлық бағдарламалардың мазмұны тақырыпты қысқаша баяндау арқылы ашылады (теория және практика).

Авторлық бағдарламаның әдістемелік қамтамасыз етілуі:

- сипаттамасы;
- тақырып бойынша жоспарланған сабақ түрлері (ойын, саяхат, конкурс, конференция т.б.);
- оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастырудың әдістері мен тәсілдері, дидактикалық материалдар, сабақтың техникалық жабдықталуы;
- әр тақырып немесе бөлімнен кейін қорытындысын шығару түрлері;

9. Материалдар қағаз және электрондық тасымалдаушылармен тапсырылуы керек.

Жоба жазуға қойылатын талап:

- форматы – А4, текстік редакторы - MS Word; шрифтісі - Times New Roman, шрифтің -өлшемі -14, шет сызығы – 2 см. Барлық жағынан, жол аралық интервал – 1-1,5, бағыты кітапша, тасымалсыз.

10. Конкурсты өткізудің кезеңдері мен мерзімдері белгіленді:

I кезең - барлық білім беру ұйымдарында (мамыр айы);

II кезең - облыстық (маусым-шілде айлары);

III кезең – республикалық (қыркүйек, қараша айлары).

11. Республикалық конкурсқа ұсынылған жобаларға сараптама жасау жыл сайын қыркүйек айында.

12. Конкурстың қорытынды III кезеңі жыл сайын қараша айында.

13. Тиісті әкімшіліктер, білім беруді басқару органдары, біліктілікті арттыру институттары, демеушілер конкурстың құрылтайшылары бола алады.

14. Конкурстың I және II кезеңдері жергілікті жерде белгіленген тәртіпке сәйкес өткізіледі.

15. Конкурсқа әрбір облыстан облыстық конкурстың жеңімпаздары мен жүлдегерлерінің әр түрлі пәндерден жобалары жіберіледі.

16. Конкурсқа қатысушылардың іс-сапар шығыстары тиісті білім беруді басқару органдарына, білім беру ұйымдарына, демеушілерге жүктеледі.

Ұйымдастыру комитеті

17. Конкурсты ұйымдастыру және өткізу үшін ұйымдастыру комитеті құрылады, оның міндеттеріне барлық аймақтық ұйымдастыру комитеттерінің қызметтерін үйлестіру, конкурсқа ұсынылған материалдарды бағалау өлшемдерін әзірлеу кіреді.

18. Ұйымдастыру комитеті конкурсты өткізу тәртібін, нысандарын, орны мен өткізу мерзімін анықтайды, қатысушылар тізімін және қазылар алқасының құрамын бекітеді.

19. Ұйымдастыру комитетінің құрамына Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің, «Дарын» РҒПО өкілдері кіреді.

20. Ұйымдастыру комитетінің шешімі тізімдік құрамының жартысынан көбі дауыс берген жағдайда қабылданған болып есептелінеді.

21. Ұйымдастыру комитетінің шешімі төраға мен хатшының қолы қойылған хаттамамен рәсімделеді.

Конкурстың қазылар алқасы

22. Әрбір кезеңде қазылар алқасы құрылады. Қазылар алқасының құрамын және оның жұмыс істеу тәртібін жергілікті жердегі ұйымдастырушылар бекітеді.

23. Еліміздің алдыңғы қатарлы педагогикалық ЖОО, әдістемелік орталықтардың қызметкерлері, өнер, мәдениет және ғылым қайраткерлері Конкурстың қазылар алқасының мүшелері бола алады.

24. Қазылар алқасы Конкурсқа ұсынылған жұмыстарға авторлық жобалардың критерийіне байланысты сараптама (экспертиза) жасайды: педагогикалық мақсаттылығы, мақсаты мен міндеті, өзектілігі, жаңалығы, авторлық бағдарламаның ерекшелігі, күтілетін нәтижесі мен оларды тексеру нәтижесі.

Ұйымдастыру комитетіне құжаттар ұсыну тәртібі

25. Конкурсқа қатысу үшін құжаттар ағымдағы жылдың 10 қыркүйегіне дейін қабылданады. Көрсетілген мерзімнен кеш қалған құжаттар тіркеуге алынбайды.

26. Конкурсқа қатысу үшін:

1) тіркеу формасына сәйкес қатысушы туралы мәліметтерді көрсете отырып облыстық Білім Басқармасы, «НЗМ» ААҚ басқармасымен бекітілген сұраныс ұсынылады.

2) Конкурс материалдары (қағаз және электрондық нұсқада).

26. Құжаттар қазақ немесе орыс тілдерінде «Дарын» РҒПО-на ұсынылады. Материалдар қайтарылмайды.

Конкурстың жеңімпаздарын марапаттау

27. Қазылар алқасы үздік жобаларды анықтайды:

I орын - 1 авторлық жоба;

II орын - 2 авторлық жоба;

III орын - 3 авторлық жоба.

28. Жүлделі орындар алған жеңімпаздар (білім беру және ғылыми ұйымдарда еңбек өтілі 5 жылдан кем емес) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің I, II, III дәрежелі дипломдарымен, «Дарын» РҒПО-ның Құрмет грамоталарымен марапатталып, жұмыстары практикаға енгізуге ұсынылады.

29. Конкурсқа қатысушыларға «Дарын» РҒПО-ның сертификаттары табысталады.

30. Конкурс құрылтайшылары, демеушілер мен басқа да ұйымдар конкурс жеңімпаздары мен лауреаттарына жеке өзіндік сыйлықтар табыс ете алады.

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ



МИНИСТЕРСТВО
ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2008 ил 18 желтоқсан 662

Астана қ.

г. Астана

**Инновациялық идеялар
Республикалық фестивалін
өткізу туралы**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 қаңтардағы № 19 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің (бұдан әрі – Министрлік) 2008 жылға арналған жұмыс жоспарының 232-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы (Т.Р. Битуова) Шучье қаласында «Балдәурен» республикалық оқу-сауықтыру орталығы базасында Инновациялық идеялар республикалық фестивалін (бұдан әрі – Фестиваль) 010 «Республикалық маңызы бар республикалық мектеп олимпиадаларын, конкурстарын, мектептен тыс іс-шараларды өткізу» бюджеттік бағдарламасы шеңберінде өткізсін.

2. Қоса беріліп отырған Фестивальді ұйымдастыру комитетінің құрамы бекітілсін.

3. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының білім басқармалары білім беру ұйымдары педагогтарының Фестивальға қатысуын қамтамасыз етсін және олардың іссапар шығыстарын төлесін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Орта білім департаментінің директоры М.Т. Санатоваға жүктелсін.

Министр



Ж. Түймебаев

Ж. Түймебаев

Бланк сериялы кірсіз жарамсыз болып табылады.
Бланк безінің нөмірі недействителен.

13960

ТУСҚАНДЫҚТЫҢ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АРХИВІНДЕ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АРХИВІНДЕ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АРХИВІНДЕ

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ



МИНИСТЕРСТВО
ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2016 жылғы 2 желтоқсан № 684

Астана қ.

г. Астана

**Республикалық педагогикалық
идеялар фестивалін өткізу туралы**

Педагогтердің кәсіби өсуі мен өзін-өзі шығармашылық жағынан жетілдіруін ынталандыру, Қазақстан мектептерінің мұғалімдері мен басшыларының инновациялық тәжірибелерін тарату және зерттеу мақсатында
БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Республикалық педагогикалық идеялар фестивалін өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитетінің ережесі бекітілсін.

2. «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы (Ш.А. Қирабаева) 2016 жылғы 7-8 желтоқсанда Республикалық педагогикалық идеялар фестивалін (бұдан әрі - Фестиваль) өткізсін.

3. Мектепке дейінгі және орта білім департаменті (Ж.А. Жонтаева) осы бұйрықты облыстық, Астана және Алматы қалалары білім басқармаларына жеткізсін.

4. Облыстардың, Астана және Алматы қалалық білім басқармаларының басшылары (келісім бойынша) білім беру ұйымдары педагогтерінің Фестивальге қатысуын қамтамасыз етсін.

5. «Республикалық педагогикалық идеялар фестивалін өткізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 желтоқсандағы № 662 бұйрығының күші жойылсын.

6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі Э. А. Суханбердиеваға жүктелсін.

7. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Министр



Е. Сағадиев

008685

Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым
министрінің
2016 жылғы « 2 » желтоқсан
№ 684 бұйрығымен бекітілген

**«Педагогикалық идеялар фестивалі»
республикалық конкурсын өткізу жөніндегі
ұйымдастыру комитетінің ережесі**

Жалпы ережелер

1. Осы «Педагогикалық идеялар фестивалі» (бұдан әрі - Фестиваль) республикалық конкурсын ұйымдастыру және өткізу тәртібі «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңын, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру мақсатында әзірленген.

2. Фестивальді жылына бір рет Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы (бұдан әрі – «Дарын» РҒПО) өткізеді.

3. Фестивальге директорлар, директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары, білім беру ұйымдарының барлық түрлері мен типтерінің педагогтері, мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешілері мен әдіскерлері, музыка қызметкерлері, қосымша білім беру педагогтері, сынып жетекшілері, психологтар, логопедтер, дарынды балалармен жұмыс жасайтын өңірлік орталықтардың әдіскерлері қатысады.

4. Әр қатысушы жеке қатысады, топтық жоба қарастырылмаған.

5. Фестиваль қоғамға өзінің зияткерлік еңбегінің нәтижесін көрсеткісі келетін және кәсіби қауымдастықтың ішінде үздік педагогикалық тәжірибесімен бөліскісі келетін белсенді және шығармашыл педагогтерге бағытталған.

6. Фестиваль білім берудегі технологиялар мен әдістемелерді жетілдіруге, тәжірибе алмасуға, мұғалім мамандығының дәрежесін өсіруге, заманауи мектептердің кадрлық әлеуетін қолдауға, Қазақстанның мәдени-білім беру кеңістігінің бірлігін қамтуға, мобильді білім беру ортасында тиімді жұмыс жасау үшін басшылар мен педагогтердің шығармашылық қабілеттерін ашуға, коммуникативтік және басқа да құзыреттіліктерді дамытуға бағытталған.

Фестивальдің мақсаты мен міндеттері

7. Фестивальдің мақсаты - педагогтердің кәсіби өсуі мен өзін-өзі шығармашылық жағынан жетілдіруін ынталандыру, Қазақстан мектептерінің мұғалімдері мен басшыларының инновациялық тәжірибелерін зерттеу және тарату.

8. Фестивальдің міндеттері:

- педагогтердің кәсіби шеберлігін көтеру;

- білім беру кеңістігін ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етуді жетілдіру;
- озық педагогикалық тәжірибелерді анықтау және тарату;
- заманауи инновациялық білім беру технологияларын енгізу және тарату;
- педагог мамандығының имиджін дұрыс қалыптастыру;
- тәжірибе алмасу және орта білім беру жүйесін жаңарту бойынша өзекті мәселелерді талқылау үшін пікірталас алаңын құру;
- жас педагогтерге психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету;
- жаңашыл педагогтердің мазмұндық-құрылымдық үлгісін әзірлеу.

Фестивальді өткізудің шарттары мен тәртібі

9. Фестиваль мынадай бағыттар бойынша өткізіледі:

1) «Білім беру жүйесіндегі менеджмент» (директорлар, білім беру ұйымдары директорларының орынбасарлары, білім беру және «Өрлеу» БАҰО АҚ, психологтар мен әлеуметтік педагогтер);

2) «Әртүрлі сабақтар, бірақ әрқайсында шебердің қолы...» (пән мұғалімдері);

ғылыми-жаратылыстану бағытындағы пәндер (химия, биология, география, экология);

физика-математикалық бағытындағы пәндер (математика, физика, информатика);

қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы пәндер (қазақ, орыс, ағылшын тілдері, әдебиет, тарих, құқық);

ағылшын тіліндегі жаратылыстану-математикалық бағытындағы пәндер; қолданбалы цикл (сурет, дене шынықтыру, технология, қолөнер, АӘД).

3) «Шығармашыл толқын» (бастауыш сынып және мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері, музыка мамандары);

4) «Сабақ аяқталған соң...» (сынып жетекшілері, тәрбиешілер, қосымша білім беру орталықтарының педагогтері);

5) «Психологиялық сандықша» (психологтар, логопедтер, әлеуметтік педагогтер).

10. Баяндама жасау түрлері: еркін түрде білім беру және тәрбие процесінің үлгісі, білім берудегі менеджменттің, сабақтардың, сабақтан тыс іс-шаралардың, инновациялық идеялардың тұсаукесері (шеберлік сыныбы, баяндамалар, портфолио).

11. Жобаларда өскелең ұрпақтың дамуы мен тәрбиесінде пайдаланылатын білім беру технологияларының құрылымын, мазмұнын, түрлері мен әдістерін ұсыну. Регламент – 7-10 минут.

12. Жобаларды ресімдеуге ұсынылатын талаптар:

жобаның көлемі шексіз;

RS Word мәтіндік редакторында Times New Roman шрифтімен жазылуы керек (әр жолдың аралығы бірыңғай, шрифтін көлемі 14, шет сызығы 25 мм);

титул парағында автордың толық аты-жөнін, жобаның атауын, бағытын, қызметін, білім беру ұйымының мекенжайы мен телефонын, автордың мекенжайы мен телефонын, e-mail көрсету қажет. Фестивальге ұсынылған жобалар рецензияланбайды және қайтарылмайды.

13. Ұйымдастыру комитетіне келесі құжаттарды электрондық және қағаз тасымалдағыштарда ұсыну:

- фестивальге қатысу туралы өтінім;
- қазақ және орыс тілдерінде жобаның аннотациясы;

Фестиваль материалдарының жинағына енгізу және сайтқа орналастыру үшін жобалардың тезистері.

14. Фестивальге авторлық құқық нысаны болып табылатын құқық иесінің келісімінсіз пайдаланылған жұмыс үзінділері бар материалдар қабылданбайды.

Фестиваль жеңімпаздарын анықтаудың жалпы өлшемшарттары

15. Бағалау өлшемшарттары:

- материалдардың фестиваль тақырыбына, мақсаты мен міндеттеріне сәйкес келуі;
- ұсынылған материалдардың ерекшелігі және шығармашыл дербестігі, жеке және мәдени өзгешелігі;
- баланың жеке ұстанымын қалыптастыруға, рухани-адамгершілік, азаматтық және эстетикалық өзіндік сана-сезімі, нәтижелі қарым-қатынасын, жоғары деңгейдегі мотивациясын дамытуға бағытталуы;
- педагогикалық қауымдастыққа таратуға арналған материалдардың мазмұнды және сапалы безендірілуі, шеберлік деңгейі;
- шығармашылық жобаның, оқудың, сабақтың әдістемелік құндылығы және әлеуметтік мәні;
- іс-шаралардың ғылымилығы, заманауилығы, динамикалығы қарқындылығы, технологиялығы;
- шығармашылық жобаның, оқудың, сабақтың технологиялары, ұйымдастыру моделінің форматы, жаңашыл идеялардың таралуы мен пайдалану мүмкіндігі;
- ресімдеудің талапқа сай болуы.

Ұйымдастыру комитеті

16. Фестивальге басшылық етуді Ұйымдастыру комитеті жүзеге асырады.

17. Ұйымдастыру комитеті мына функцияларды орындайды:

- фестивальдің ресми интернет-парақшасында әдістемелік және ақпараттық қолдауды қамтамасыз етеді;
- фестивальдің бейнелемелері мен жарнамалық өнімдерінің макеттерін, әдістемелік ұсынымдарын, ағымдағы құжаттарын, бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланатын материалдардың мазмұнын бекітеді;
- республикалық фестивальдің өту тәртібі мен мазмұнын бекітеді;
- фестивальдің қорытынды кезеңінің өту орны мен мерзімін анықтайды;
- фестиваль дипломдарын беру ретін белгілейді;
- фестивальдің қорытынды кезеңіне қазылар алқасын құрайды.

18. Фестивальдің алғашқы кезеңін өңірлердегі әдіскер-ұйымдастырушылар (жоба үйлестірушілері) өткізеді. Олар төмендегі функцияларды жүзеге асырады:

- Фестивальдің өңірлік ақпараттық алаңдарында әдістемелік қолдау және ақпараттық қамтамасыз ету;
- өңірлік қазылар алқасының құрамын бекітеді;
- өткізу тәртібін, мерзімін анықтайды (фестивальдің бірінші кезеңінің басталуы мен аяқталуының белгіленген шектеулерін ескере отырып);
- Фестивальдің өтінімдері мен материалдарын жинауды қамтамасыз етеді;
- Фестивальдің ашықтығы мен айқындығын қамтамасыз етеді;
- Фестивальдің алғашқы (өңірлік) кезеңінің жеңімпаздарын және дипломдарды беру орны мен тәртібін бекітеді;
- Фестивальдің алғашқы кезеңінің жеңімпаздарының материалдарын Ұйымдастыру комитетіне уақытында ұсынады.

Қазылар алқасының функциялары

19. Қазылар алқасы мынадай функцияларды жүзеге асырады:

- конкурстың республикалық кезеңіне ұсынылған конкурс материалдары және қорғауы негізінде өлшемшарттарға сәйкес Фестивальдің республикалық кезеңінің конкурстық сынақтарының орындалуын балмен бағалайды;
- Фестивальдің қорытынды кезеңінің қорытындысы бойынша рейтинг кестесін құрастырады;
- Фестивальдің республикалық кезеңінің қатысушыларын анықтайды;
- Фестивальдің жеңімпаздарын анықтау барысында бекітілген құрамның жалпы санынан кемінде 2/3 болса, қазылар алқасының шешімі заңды болып есептеледі. Ұпайлардың саны тең болған жағдайда соңғы шешімді дауыс қазылар алқасының төрағасының дауысы болып табылады.

20. Қазылар алқасының шешімі хаттамалармен ресімделеді. Хаттамаларды жүргізу қазылар алқасының хатшыларына жүктеледі.

Фестиваль жеңімпаздарын марапаттау

21. Фестиваль жеңімпаздары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің I, II, III дәрежелі дипломдарымен, «Дарын» РҒПО-ның Құрмет грамоталарымен марапатталады.

22. Фестивальге қатысушыларға «Дарын» РҒПО-ның сертификаттары табысталады.

23. Фестивальдің жеңімпаздары мен жүлдегерлерінің жұмыстары «Дарын» РҒПО-ның ақпараттық-әдістемелік журналына және Фестивальдің жинғына енеді.

«Бекітемін»
Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым вице-министрі
Э. Суханбердиева
 «20» *қаңтар* 2017 ж.

**«Дарынды балаларға - талантты ұстаз» Республикалық педагогикалық олимпиадасын
 ұйымдастыру және өткізудің
 (бұдан әрі – Педагогикалық олимпиада)
 Ережесі**

Жалпы ереже

1. Педагогикалық олимпиада мұғалімдердің дарынды балалармен – педагогикалық білім берудің барлық деңгейлерінде (ЖОО дейінгі, ЖОО-ның және ЖОО-нан кейінгі) жұмыс жасауға дайындықтың бір түрі болып табылады.
2. Педагогикалық олимпиада педагогтың жеке шығармашылық кеңістігін шоғырландыруға, зерттеушілік-ізденушілік бағытын таңдауға, педагогикалық өз ойын білдіру тәсілдерін және жеке шығармашылық жолын табуға мүмкіндік береді.
3. Осы Ереже ҚР «Білім туралы» заңына, 2016-2019 жылдарға арналған ҚР білім беруді және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасына, ҚР жаңа формациялы педагогтың үздіксіз педагогикалық білім берудің Тұжырымдамасына сәйкес жасалған.

Олимпиаданың мақсаты мен міндеттері

4. Педагогикалық олимпиаданың мақсаты – жас педагог қызметкерлердің шығармашылық әлеуетін және өзін-өзі дамыту үшін жағдай жасау; білім беру жүйесін жетілдіруге жас мұғалімдердің белсенді кәсіби көзқарасын қалыптастыру.
5. Педагогикалық олимпиаданың міндеттері:
 - педагогикалық мамандықтың мәртебесін және беделін арттыру;
 - жас педагогтардың әдістемелік деңгейін жетілдіру;
 - жас педагогтардың оқу-тәрбие процесіне инновациялар іздеу және іске асыру;
 - эксперименттік және инновациялық жұмыстарда кәсіби батылдығын және дербестігін дамыту;
 - педагогикалық қызметте жас мамандардың талдау және өзін-өзі жетілдіру үшін жағдай жасау, олардың шығармашылық қабілеті мен белсенді кәсіби ұстанымын дамыту;
 - кәсіби қоғамдастықта жас мамандар өзін-өзі білдіру және әріптестерінің қолдауы үшін, кәсіби қарым-қатынас мүмкіндіктерін құру.

Педагогикалық олимпиаданың құрылымы мен қатысушылары

6. Педагогикалық олимпиаданың сатыланған құрылымы бар:
 - I саты** - педагогикалық жоғары оқу орындарында оқуын жалғастыруға бағытталған білім беру ұйымдарының жоғары сынып оқушылары.
 Конкурс тапсырмаларын орындау барысында оқушылар: педагогикалық мамандықты таңдауға дайындықтарын, тұлғаның педагогикалық бағытын, педагогикалық эрудициясын, жалпы мәдениеттік және интеллектуалдық даму деңгейлерін көрсете алады.
 - II саты** – педагогикалық университет, институт студенттері (II – IV курс), педагогикалық колледждің жоғарғы курс студенттері.

Конкурс тапсырмаларын орындау барысында оқушылар: педагогикалық мамандықты таңдауға дайындықтарын, тұлғаның педагогикалық бағытын, педагогикалық эрудициясын, жалпы мәдениеттік және интеллектуалдық даму деңгейлерін көрсете алады.

II саты – педагогикалық университет, институт студенттері (II – IV курс), педагогикалық колледждің жоғарғы курс студенттері.

Олимпиада мазмұны тұлғаның өзін-өзі анықтауда кәсіби деңгейін, оларды кәсіби-педагогикалық жағдаяттар мен міндеттерді шешу барысында педагогикалық білім деңгейлерін көрсете алатын конкурс тапсырмаларын қамтиды.

III саты - магистранттар.

Олимпиада мазмұны магистранттарға кәсіби педагогикалық қызметтің деңгейін, сонымен қатар, педагогикалық зерттеу қызметінің шеберлігін, педагогикалық білім беруді, педагогтың жеке кәсіби маңызды қасиеттерін көрсете алатын конкурс тапсырмаларын қарастырады.

IV саты – жас педагогтер, психологтар мен тәлімгерлер. (қатысушылардың еңбек өтілі **5 жылдан** аспауы тиіс.)

Олимпиада мазмұны кәсіби білім беру аясында педагог тұлғасының шығармашылық өзін-өзі анықтау және өзіндік жетілу қабілетін, білім беру үрдісінде кәсіби педагогикалық шеберліктерін көрсетуге мүмкіндік беретін конкурс тапсырмаларын қарастырады.

7. Педагогикалық олимпиаданың әрбір сатысы белгіленген тәсілдерге негізделеді, сондықтан конкурстың педагогикалық тапсырмаларын іріктеу барысында олардың жалпы кәсіби біліктіліктің төрт деңгейлік жүйесіне сәйкес күрделенуін қарастырады:

1 деңгей – педагогикалық тапсырмаларды аудитория жағдайында оқу материалдарымен, жаттығулармен, мәтіндік тапсырмалармен (жоғары сынып оқушылары) т.б. жұмыс барысында шеше білу;

2 деңгей – педагогикалық тапсырмаларды педагогикалық қызмет үзінділерін рөлдік ойындар элементтерін пайдалану арқылы т.б. модельдеу барысында аудитория жағдайында және педагогикалық практика барысында (студенттер) шеше білу;

3 деңгей – педагогикалық тапсырмаларды мектеп практикұмдарын, педагогикалық практикалар (студенттер, магистранттар) өткізу процессінде шеше білу және жоспарлау;

4 деңгей – білім беру үрдісінде педагогикалық тапсырмаларды шешу және жоспарлау (жас педагогтер, психологтар, тәлімгерлер).

Педагогикалық олимпиада жеңімпаздарын анықтаудың жалпы өлшемдері

8. Бағалау өлшемдері:

- жүйелілік және аргументтілік;
- кәсіби қызмет динамикасы;
- материалдардың әр түрлілігі мен толықтығы;
- материалдың эстетикалық безендірілуі.

9. Таныстыру кезінде:

- шығармашылық жұмысты таныстырудағы дайындық дәрежесі;
- өз жұмысының жетістіктері мен сәтсіздіктеріне жан-жақты талдау жасай білуі;
- ақпараттық және компьютерлік технологияларды пайдалануы;
- ауызша сөйлеу өнері (айқындылығы, мәнерлілігі, образдылығы, сауаттылығы);
- импровизациялық қабілеті;
- аудиторияға ықпал ету дәрежесі.

10. Жалпы мәдениеті:

- ой-өрісі және ойлау қабілетінің ерекшелігі;
- коммуникативті мәдениеті.

11. Сабақ фрагментін презентациялау материалдарын бағалау өлшемдері:

- құзыреттілік (әдістемелік сауаттылығы, білімнің тұрақтылығы, АКТ-ны қолдану, психологиялық атмосфера, сабақтың мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асыруы);
- рефлексивті (қатысушының жұмыс тақырыбы бойынша жеке ұстанымы, педагогикалық құралдарды аргументті таңдау, өзіндік табыстылық қабілетінің деңгейін анықтау).

Олимпиада кезеңдері

12. Педагогикалық олимпиада бірнеше кезеңдерден тұрады:

I кезең – аймақтық

II кезең – қорытынды, Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігінің «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы өткізеді.

Педагогикалық олимпиаданың ұйымдастыру комитеті мен қазылар алқасы

13. Педагогикалық олимпиаданы дайындау және өткізуді республикалық ұйымдастыру комитеті жүзеге асырады (бұдан әрі - Ұйымдастыру комитеті).

14. Ұйымдастыру комитетіне мынадай функцияларды жүзеге асырады:

- кезеңінде түскен конкурстық материалдардың тәртібін үйлестіреді;
- Педагогикалық олимпиаданың қатысушылары ұсынған материалдарға сараптама өлшемдерін әзірлейді;
- Педагогикалық олимпиаданың қорытынды кезеңіне қатысушыларға тапсырмаларды әзірлейді;
- Педагогикалық олимпиаданың іріктеу кезеңі нәтижелерін техникалық өңдеуде жүзеге асырып, қорытынды кезеңіне қатысушылардың құрамын анықтайды;
- Педагогикалық олимпиаданың қорытынды кезеңінде қазылар алқасының жұмысын ұйымдастырады;
- қорытындысын шығарады және салтанатты марапаттау рәсімінің ұйымдастырылуына қатысады;
- Педагогикалық олимпиаданың өткізу орны мен күнін, тәртібін

белгілейді;

15. Ұсынылған жұмыстар санына байланысты, Ұйымдастыру комитеті қатысушылар арасынан аймақтық кезеңінен қорытынды кезеңіне қатысушылар құрамын анықтау құқығын өзіне қалдырады.

16. Конкурс іс-шараларын бағалау үшін қазылар алқасы құрылады. Қазылар алқасының құрамын Педагогикалық олимпиаданың Ұйымдастыру комитеті құрады.

17. Қазылар алқасының құрамына республиканың алдыңғы қатарлы педагогикалық жоғары оқу орындарының, колледждердің ғалымдары, түрлі деңгейдегі кәсіби шеберлік байқауларының жеңімпаздары, педагогикалық қоғамдастық өкілдері кіреді.

Педагогикалық олимпиаданың жеңімпаздарын марапаттау

18. Педагогикалық олимпиаданың жеңімпаздары "Дарын" Республикалық ғылыми-практикалық орталығының I, II, III дәрежелі дипломдары және грамоталарымен марапатталады.

19. Педагогикалық олимпиаданың барлық қатысушыларына сертификаттар тапсырылады.

20. Педагогикалық олимпиаданың қорытындысы бойынша бірлескен педагогикалық жобалар, оларды іске асыру бойынша бірлескен шешімдер қабылданып, республикамыздың педагогикалық қоғамдастығымен байланысты кеңейту.

Қаржыландыру

21. Қаржылық шығындар бекітілген сметаға сәйкес жүргізіледі.

22. Олимпиадаға қатысушылардың іс-сапар шығындары жіберуші жақтың есебінен төленеді /өз қаражатынан/.

23. Олимпиада қатысушылардың тіркеу жарнасы арқылы ұйымдастырылып, өтеді.

24. Тіркеу жарнасының мөлшерін іс-шара ұйымдастырушылары белгілейді. Педагогикалық олимпиадаға қатысу үшін ұйымдастыру жарнасы жас мамандар үшін **10 000 теңгені** құрайды, ал жоғары сынып оқушылары мен педагогикалық колледж студенттері үшін **2 000 теңге** (әр команда қатысушысы үшін). Ұйымдастыру жарнасын кез келген банктің бөлімшелерінен немесе Қазпоштаға төмендегі реквизиттерге аудару қажет:

Реквизиттер:

РГКП РНПЦ "ДАРЫН"

МАҚСАТЫ: (АТЫ-ЖӨНІ ОБЛЫСЫ, ҚАЛАНЫ, МЕКТЕП)

БИН 990240007434

ИИК (IBAN)KZ566010111000021443

БИК HSBKKZKX

АСТАНА АЙМАҚТЫҚ ФИЛИАЛЫ №119900

АҚ "ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ БАНКІ", АСТАНА қаласы

КБЕ 16, **КНП** 861